| Сергіту сәті<br>2 минут<br><br>***Сабақты қорыту***<br>**8** минут | мақсаты айтылады.<br><br>**Суреттермен жұмыс**<br>Әр топ құрылған сурет бойынша ертегінің түрін айтып,<br>ертегілер түріне ереже құрылады.<br><br>**«Ертегімен танысайық» айдары**<br>Ертегіні бейнежазбадан көріп, ертегі мазмұнымен танысу<br>Ертегі түрін анықтау.<br><br>**Жұптық жұмыс**<br>«Кестені толтыр» әдісі<br>Сұрақтарға жауап бере отырып, ертегі мазмұнын талдау.<br><br>1.Ертегі тақырыбы<br>2.Кейіпкерлері<br>3.Ата қандай?<br>4. Балалар қандай?<br>5.Ертегінің негізгі ойы<br><br>**Сергіту сәті:**<br>**«Ән мен күй» ритмикалық жаттығу**<br>күйді қағаздың көмегімен орындайды.<br><br>**Топтық жұмыс**<br>**ЖИ арқылы Абайдың тапсырмасын тыңдау**<br>1 топ:Ертегіні бөлімдерге бөліп, бөлім атын қою<br>2 топ:Ертегі мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдер жазу<br>3 топ.Балаларға кеңес айтып,хат жазу.<br><br>**Сабақты бекіту**<br>**Wordwall плотформасында «Теле - шоу»бағдарламасының тапсырмасын орындау.**<br><br>**Үй тапсырмасы** | Ертегіні мұқият тыңдап, мазмұнымен танысады.<br><br>Жұптық жұмысты бірлесе орындайды.<br><br>Ритмикалық жаттығуды орындап, тынығады.<br><br>Топтық жұмысты бірлесіп орындайды.<br>Топ ережелерін сақтайды<br><br>Ертегі желісі бойынша сұрақтарға жауап береді.<br><br>Бүгінгі сабақтағы өзінің әрекеті туралы, жаңа білімді меңгерудегі өзінің жетістіктері мен қиыншылығы туралы ой бөліседі. | Дескриптор:<br>Ережені құрастырып айтады<br><br>Оқушыларды мақтап, мадақтап отыру.Тамаша!<br><br>Дескриптор:<br>-Ертегі тақырыбын табады<br>-Кейіпкерлерін атай алады<br>-Атаны сипаттайды<br>-Балаларды сипаттайды<br>-Ертегінің негізгі ойын табады<br><br>Дескриптор:<br>-ертегінің бөлімдеріге бөліп, бөлімдерге ат қою.<br>- ертегі мазмұныа | <br><br>суреттер<br><br>https://youtu.be/Bukb46Fd0Tg<br><br>парақшалар<br><br>https://youtube.com/shorts/gRqfWyfSpUA?si=0cVBG8RWPmIUflgF<br><br>Интербелсенді тақта<br><br>Парақшалар маркерлер<br><br>Интербелсенді тақта<br>https://wordwall.net/r |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Кері байланыс 5 минут | Ертегі  мазмұнын айту, ертегі мазмұнына байланысты сұрақтар құру.<br><br>**Кері байланыс**<br>Бүгін біз танысқан ертегідегі атаның көлігі не?<br>Ертеде көлік ретінде жылқы, түйені қолданған.Түйемен алыс жолдарға шығып, керуенмен жүрген.<br>**«Керуен» әдісі**арқылы кері байланыс жасаймыз.<br>Бүгін біз нені білдік?<br>Нені меңгердік?<br>Нені үйренгіміз келеді?<br>**Топтық жұмыс**<br><br>**1-топ:Ертегі мазмұны бойынша үш сұрақ қойып жазу**<br>**2-топ:Ертегі мазмұнына сәйкес сурет салу**<br>**3-топ: Құламергенді сипаттап жазу** | | сәйкес мақал-мәтел жазады<br>-атаға хат жазады<br><br>«Үш шапалақ» әдісі арқылы бағалау<br><br><br>Оқушыларды мақтап, мадақтап отыру.Тамаша! | u/resource /52438937<br><br>Кері байланыс суреттері |

| | | |
|---|---|---|
| **(Білім беру ұйымының атауы** | № 42 орта мектеп | |
| **Пәні:** | **Бала Абай** | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Сайдалинова Ляззат Кипшакпайовна | |
| **Күні:** | 28.11.2024ж. | |
| **Сынып: 2 «Ә»сынып** | Қатысқандар саны:20 | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Абай оқыған ертегілер** | |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылар ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді | |
| **Құндылықтар:** | Сабақ құндылығы: Әділдік пен жауапкершілік.<br>Апта дәйексөзі: «Әділдік пен пен жауапкершілік -біртұтас ұғым!» | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы***<br>5 минут | **Сабаққа дайындық жасау**<br>Психологиялық ахуалды жақсарту<br>Оқушыларға мұғалім сәттілік тілейді, сабаққа назарларын аудартады.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Мұғалім сұрақ қойып, балалар жауап береді.<br>**Өзімізге:** Сәттілік, қуаныш!<br>**Қонақтарымызға:** Жақсы көңіл - күй!<br>**Елімізге:** Ашық аспан, молшылық.<br>Осы аптаның дәйек сөзін кім біледі?<br>Не туралы екен? | Оқушылар сабаққа дайындалады<br><br>Оқушылар сұрақтарға хормен жауап береді.<br>Дәйек сөзді айтады.Мағынасын ашады. | Оқушыларды мақтап, мадақтап отыру. | дәйексөз |
| Өткенді пысықтау<br>5 минут | **Топқа бөліну**<br>Шаңырақ және уықтар арқылы 3 топқа бөлінеді.<br>**Өткенді пысықтау**<br><br>Абай Құнанбаевтың өлеңдерін жаттау, өлең мазмұнына байланысты суреттер салу. | Өлеңдерді жатқа айтады.<br>Суреттерден көрме жасайды. | Дескриптор:<br>- Өлеңді жатқа айтады | Суреттер<br> |
| ***Сабақтың ортасы***<br>20 минут | **Тақырыпты ашу**<br>**Бейнетаспа көрсету**<br>Не туралы мультфильм көрдік?<br>«Ашық микрофон» әдісі<br>Бейнетаспадан алған ақпараттар бойынша сұрақтар қойып, жауап беру.<br>Абай жасынан қандай бала болған? | Мультфильм-ді көріп, сұрақтар қойып, жауап береді. | Дескриптор:<br>- бейнетаспадан алған ақпарат бойынша сұрақ қоя алады<br>- сұрақтарға жауап бере алады | Интербелсенді тақта<br>https://youtu.be/VD8sVMTRUHc?si=3emhcbnv7wtksTjw<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сергіту сәті<br>2 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>***Сабақты қорыту***<br>**8** минут | Анасының есімі кім?<br>Әжесі ше?<br>Олар Абайды қалай өсірген?<br>Әкесі Құнанбай Абайды қайда оқытқан?<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаты айтылады.<br>**Суреттермен жұмыс**<br>**«Шашылған суреттер» әдісі**<br>Әр топ құрылған сурет бойынша ертегінің түрін анықтайды.<br>Ертегілер түріне ереже құрылады.<br><br><br>**Ертегі мазмұнымен таныстыру.**<br>**«Әжем айтқан ертегі» айдары**<br>Әженің ертегісін тыңдап, ертегі мазмұнымен танысу<br>Ертегі түрін анықтау.<br><br><br><br>**Жұптық жұмыс**<br>«5 кадр» әдісі<br>Сұрақтарға жауап бере отырып, ертегі мазмұнын талдау.<br><br>1.Ертегі тақырыбы<br>2.Кейіпкерлері<br>3.Батыр қандай?<br>4. Ханның бұйрығы<br>5.Ертегінің негізгі ойы<br><br>**Сергіту сәті:**<br>**«Оркестр» ойыны**<br>**ритмикалық жаттығу**<br>«Әке толғауы» күйін қаламның көмегімен орындайды.<br><br>**Топтық жұмыс**<br>***ЖИ арқылы Абайдың тапсырмасын тыңдау***<br>1 топ:Ертегі мазмұны бойынша үш сұрақ қойып жазу<br>2 топ:Ертегі мазмұнына сәйкес сурет салу | Пазылдарды құрып, ертегінің түрін анықтап, ереже құрады.<br><br><br>Ертегіні мұқият тыңдап, мазмұнымен танысады.<br><br>.<br>Жұптық жұмысты бірлесе орындайды.<br><br><br>Ритмикалық жаттығуды орындап, тынығады.<br><br><br><br>Топтық жұмысты бірлесіп орындайды.<br>Топ ережелерін сақтайды<br><br><br><br><br><br><br>Тапсырманы орындайды.<br><br><br><br><br>Бүгінгі сабақтағы өзінің әрекеті туралы, жаңа білімді меңгерудегі өзінің | Дескриптор:<br>Ережені құрастырып айтады<br><br>Оқушылар ды мақтап, мадақтап отыру.Тамаша!<br><br><br><br><br>Дескриптор:<br>-Ертегі тақырыбын табады<br>-<br>Кейіпкерлерін атай алады<br>-Батырдың қасиетін анықтайды<br>-Ханның бұйрығын тауып көрсете алады<br>-Ертегінің негізгі ойын табады<br><br><br><br><br><br>Дескриптор: | суреттер<br><br><br><br><br><br>парақшалар<br><br><br>аудиотаспа<br><br>Интербелсенді тақта<br><br><br>Парақшалар маркерлер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Кері байланыс<br>5 минут | 3 топ. Құламергенді сипаттап жазу<br><br><br><br><br><br>**Сабақты бекіту**<br>**Wordwall плотформасында «Ұшақпен саяхаттаймыз» тапсырмасын орындау.**<br><br>**Үй тапсырмасы**<br>Ертегі  мазмұнын айту, ертегі мазмұнына байланысты сұрақтар құру.<br><br>**Кері байланыс**<br>Бүгін біз<br>**«Сандық» әдісі** арқылы кері байланыс жасаймыз.<br>Бүгін біз нені білдік?<br>Нені меңгердік?<br>Нені үйренгіміз келеді?<br>**Топтық жұмыс**<br>**1-топ:Ертегі мазмұны бойынша үш сұрақ қойып жазу**<br>**2-топ: Ертегі мазмұнына сәйкес сурет салу**<br>**3-топ: Құламергенді сипаттап жазу** | жетістіктері мен қиыншылығы туралы ой бөліседі. | -ертегі мазмұны бойынша сұрақтар құрады<br>- ертегі мазмұнына сәйкес сурет салады-<br>- Құламергенді сипаттап жазады<br><br>«Үш шапалақ» әдісі арқылы бағалау<br><br><br>Оқушыларды мақтап, мадақтап отыру.Тамаша! | <br>Интербелсенді тақта<br>[https://wordwall.net/ru/resource/37823378](https://wordwall.net/ru/resource/37823378)<br><br><br>Кері байланыс суреттері |

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | Б. Майлин атындағы №52 мектеп-гимназия | |
| **Пәні:** | **Бала Абай** | |
| **Бөлім:** | https://youtu.be/5wa2FFkZuYQ?si=lPkdz1CpYn78-o0O | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Хұсайын Гүлім Дүйсенбекқызы | |
| **Күні:** | 27.11.2024ж | |
| **Сынып:** 2сынып | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Отбасы тәрбиесі** | |
| **Сабақтың мақсаты** | 1.Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту.<br>2. Отбасының адам үшін маңыздылығын жан-жақты ашу, отбасы құндылықтарын қалыптастыру.<br>3. Отбасындағы жарастықты, сыйластықты дамыту. Отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сүйіспеншіліктерін дамыту. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақ тың басы**<br>5 минут<br><br>**Сабақ тың ортасы**<br>30 минут | **Психологиялық ахуалды жақсарту**<br>**Шаттық шеңбері**<br>**«Киіз үй»**<br>Дөңгеленіп тұрайық,<br>Керегені созайық,<br>Уық болып иіліп,<br>Шаңырақты құрайық.<br><br>**Жарайсыңдар балалар!**<br>Киіз үй, шаңырақ дегеніміз не?<br>Шаңырақтың астында кімдер тұрады?<br>Міне біз шаңырақ жасадық иә, оның астында бір отбасы тұрады. Отбасы дегеніміз — сыйластық пен тыныштық, махаббат, бірлік орнаған орта, кішкентай Отан.<br>**Тақырыпты ашу**<br>Отбасы туралы балалардың ойларын тыңдау.<br><br>**Мақал-мәтелдің жалғасын тап.**<br>1.Ата-ана балаға (сыншы).<br>2.Әкенің жүрегі қатты,<br>(Ананың алақаны жұмсақ).<br>3.Әке – асқар тау,<br>(Ана – бауырындағы бұлақ,<br>Бала – жағасындағы құрақ).<br>4. Әке көрген – оқ жонар,<br>(Ана көрген – тон пішер).<br><br>«Отан – отбасынан басталады» дегендей отанды сүю-отбасыдан басталатыны рас! Себебі, отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы | Шаттық шеңберін жасайды<br><br>Өз ойларын айтады<br><br>Мақал-мәтелдің жалғасын табады | ҚБ: «Жарайсындар»<br><br>Мақтап, мадақтап отыру<br><br> | <br><br><br><br><br>https://wordwall. сайты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бастауы. Бүгінгі тақырыбымыз «Отбасы тәрбиесі»<br>Абайдың жеке тұлға болып қалыптасып, өмірге кірпіш боп калануына отбасындағы әкесі, әжесі, анасының үлесі зор.Баланың ер жетіп, бойына тек адамгершілік қасиеттер жинап өсуінде отбасы мәні зор. Сондықтан да туған үйдің тәлім-тәрбиесі–бала көкірегінде мәңгі сақталады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшарда соны іледі» дегендей баланы кішкентай күнінен байсалды, ақылды, тіл алғыш етіп тәрбиелеген жөн деп ойлаймын.<br><br>**Абайдың өмірбаянымен танысу.**<br>Жасанды интелект арқылы Абай Құнанбай ұлы өмірбаянымен оқушыларды таныстырады.<br>Ата-анасы мен әжесі арасындағы қарым қатынас туралы айтады.<br><br>**Көрініс: Әкесі Құнанбай мен Абайдың арасындағы әңгіме.**<br><br>Әке мен баланың арасындағы диалог әйгілі романды оқығандарға жақсы таныс болуы керек. Құнанбай ұлына не деп мін тақты? Әке сөзіне Абай қандай жауап қатты? Оқып көрейік!<br>– Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Соны тыңда!<br>Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барыңды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды.<br>Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйірілмейді.<br>Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің! – деді.<br><br>– Осы үш айтқаныңыздың үшеуіне де дау айтам, әке. Өзімдікі дұрыс деп | Ақын өмірімен танысады<br><br>Көрініс тамашалайды. | <br><br>Жарайсың! | https://studio.d-id.com/ сайтын қолдану<br><br><br>Интербелсенді тақта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | айтам.<br>Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз. Қолында құралы бар жалғыз-жарымға ғана пайдасы тиетін шыңыраудағы су болғанша, құралды, құралсыз, кәрі, жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды артық санаймын.<br>Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз. Ел билейтіндердің мінезін айттыңыз. Менің білуімше, ел бір заманда қой сияқты болған. Бір қора қойды жалғыз қойшы «ай» десе өргізіп, «шайт» десе жусататын болған. Бертін келе, ел түйе сияқты болды. Алдына тас лақтырып «шөк» десең, аңырап барып қана бұрылады. Ал, қазіргі ел бұрынғы көрбалалықтан, нашар, момындықтан сейіліп, көзін ашып келеді. Ендігі ел жылқы сияқты болды. Аяз бен боранда, жауын-шашында топ не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған, етегін төсек, жеңін жастық қылған бақташы ғана баға алады... Жанашыры бар, жақсылық пайдасы бар ғана кісі бағады...<br>Үшінші, орысты айттыңыз. Халық үшін де, өзім үшін де дүниенің ең асылы – білім-өнер. Сол өнер орыста. Мен барлық тірліктен ала алмаған асылды содан алатын болсам, ондай жер жатым бола ма? Жатырқап, қашықтауым надандық болса болар, бірақ қасиет болмас...– деді.<br><br>**Көріністі талдау.**<br>Әкесі Абайға қандай сын айтты?<br>Абай не деп жауап берді?<br><br>Әкесі Құнанбай аса дәулетті бай, биліктің саясындағы ауыл болысы болды. Құнанбай өз баласы Абайды билікке тартты, ел ісіне араласқанын қалады. Ол өз баласының ақын, жазушы болғанына түбегейлі қарсылық танытты. Абай жастайынан зерек болып, әжесі Зеренің ертегілерінен сусындап өсті, анасы Ұлжанның жұмсақ мінезіндегі | Оқушылар жауап береді | <br><br>Тамаша! |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақты қорыту**<br>5минут | құндылықтарды да, әкесі Құнанбайдың әділ әрі қатал тәрбиесін де көрді. Абай билік өкілі болуды қаламады, ол ақындық жолдың жолаушысы болуды көздеді.<br><br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Ата-анаңыз сізге қандай ақыл айтады?<br>Балық қанаттарына жазыңыз.<br>**«Отбасы галареясына саяхат» әдісі**<br>Отбасы туралы суреттерге қарап мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіру. | Тапсырманы орындайды мақал-мәтелдің мағынасын айтады. | «Басбармақ» арқылы бір-бірін бағалау<br> | <br>Кері байланыс парағы |
| **Кері байланыс**<br>**5 минут** | **Дескриптор:**<br>Мақал- мәтелдерді оқып, мәнін түсіндіреді<br><br>Қорытынды: Кері байланыс билетін толтырады.<br> | Оқушылар кері байланыс береді. | <br>«Жарайсындар» | |

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназия ШЖҚ МКК |
| **Таңдау пәні :** | **Бала Абай** |
| **Бөлім:** | Ұлттық құндылық |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Садвакасова  Гульнур.Турарбековна |
| **Күні:** | 28.11.2024ж |
| **Сынып:** | 2 «Е» сынып |
| **Тақырыбы:** | **Ертегіші Баймағамбет** |
| **Мақсаты** | **Білімділік:** Ағартушы Абай Құнанбаевтың көркем шығармаларын, қисса-дастандарын, ертегі әңгімелерін баяндай отырып,  тарихи тұлға –«Ертегіші Баймағамбет» есімін насихаттау және таныту.<br>**Дамытушылық:** Баймағамбет  туралы білетіндерін айту барысында өз ойларын жүйелі жеткізуді дамыту<br>**Тәрбиелілік:**.Ұлы ақынның кемеңгерлігін дәріптей отырып, ертегіші Баймағамбетті таныту.  Ұлттық рухани мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне деген ынталарын арттыру. |
| **Құндылықтар** | «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» құндылығы<br>Абай мен Баймағамбет  образдарын талдау барысында ішінара насихатталады. |

| **Сабақтың барысы** | **Мұғалімнің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңі//уақыты**<br>***Сабақ тың басы***<br>5 минут<br><br>Өткенді пысықтау<br>5 минут<br><br>***Сабақ тың ортасы***<br>20 минут | Психологиялық ахуал.<br>-Балалар, көңіл-күйіміз қалай?<br>Ендеше балалар, бүгінгі сабағымызды бастаймыз.<br>Сабағымыздың тақырыбы: «Ертегіші Баймағамбет.»- презентация қосылады.<br>Қысқаша  Баймағамбет туралы мәліметтер айту. «Ертегі», «Ертегіші» туралы түсіндіру<br><br>Балалар, бүгінгі сабағымыз **«Бәйге»** ойыны арқылы жүргізіледі  Әр  тапсырма орындаған сайын бәйгеміз мәреге жақындайды , .тапсырмаларды мұқият орындауға тырысайық!<br><br>WORTWOOL арқылы **«Кім тапқыр?» әдісі  -** асық ату ойыны арқылы ойнатылады. https://wordwall.net/ru/resource/38667114<br>-Абайдың анасын тап? сурет<br>-Абайдың әкесі тап? сурет<br>Абайдың әжесі Зеренің азан | Оқушылар:<br>- Жақсы!<br>- Тамаша! деп айтады<br><br>Тыңдап отырады<br><br>«Бәйге» ойыны қалай жүргізіледі? тыңдайды.<br><br>Балалар кезек пен кезек асықты ата отырып, Wortwoll платформасындағы тапсырмаларды орындайды.<br>Сұрақтарға жауап береді | <br><br> | PowerPoint<br><br>https://wordwall.net/ru/resource/38667114<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақты қорыту***<br><br>Қосымша тапсырма | шақырып қойған есімі? Тоқбала<br>-Абайдың шын есімі? Ибраһим<br>-Абай кім? Ақын<br>-Абай айтқан бес асыл істің бірі?Талап<br>-Абай қай мезгілде туған? Жаз<br>**«Шаңырақ» ойыны**<br><br>-Ертегіші деген кім?<br>-Ертегі деген не?<br>-Ауыз әдебиеті дегеніміз не?<br>-Халық Баймағамбетті кім деп атаған?<br>-Баймағамбеттің қосқан үлесі?<br>-Ауыз әдебиетін халық не үшін пайдаланған?<br><br>**Сергіту сәті**<br>**«Арқан тартыс» ойыны арқылы жүргізіледі.**<br>Қазақша оюды қимылиен жаса<br> <br><br><br>**Рефлексия**<br>**«Кім жүйрік?» әдісі –**<br>«Сақина салу» ойыны арқылы жүргізіледі | <br><br>Оқушылар кубик тастай отырып, қай түс түседі сол түстегі киіз үйде жасырылған сұрақтарға жауап береді<br>-Бұрыннан белгілі ертектерді жадында сақтап тыңдаушыға көркем тілмен жеткізетін адам.<br>-Ертеде шығарылған көркем әңгіме.<br><br>Екі топқа бөлініп, «Арқан тартыс» ойынын ойнайды . Экран арқылы **Қазақша оюды қимылиен жасайды**<br><br>Бірінің қолына бірі «Сақина салу» ойынын ойнай отырып, сұрақтарға жауап береді<br><br>10 20 30 40 50 60<br>Ұпайларды еншілейді.<br><br>«Бұл кім?» ойыны арқылықайталау жүргізіп өткенді еске түсіреді | <br> |  |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Кері байланыс | <br><br>**«Кім жүйрік?»** әдісі<br>Ішінде әртүрлі сұрақтарға жауап береді ұяшықтарды таңдап отырып<br>-Абай қай мезгілде дүниеге келді? Жаз<br>-Анасының есімі? Ұлжан<br>-Атасының есімі? Өскенбай<br>-Абай қай жылы дүниеге келген? 1845 жылы 10 тамыз<br>**– «Бұл кім?» ойыны арқылы** PowerPoint арқылы « Бұл кім? » ойыны өткенді еске түсіру<br><br>- бұл - Абай Құнанбаев<br><br>- анасы Ұлжан<br><br>- Әкесі Құнанбай<br>**Қорытындылау**<br>Мұғалімнің сындарлы кері байланысы | Оқушылардың жауаптары<br>Әр ұяшық ашылғанда жасырылған суреттегі кім екенін табады.<br><br>Слайд көрсету арқылы оқушылардың жауабы тыңдалады.<br> | |  |

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп | Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназия | |
| Бөлім | Бала Абайдың сауат ашуы | |
| Педагогтіңаты-жөні | Кунафина Динара Агзамовна | |
| Күні: | | |
| Сынып:2 «Ә» | Қатысушылар саны: | Қатысушылар саны |
| Сабақтың тақырыбы | **Бала Абайдың даналығы** | |
| Оқу мақсаты | Даналық ұғымымен таныстыру | |
| Сабақтың мақсаты | -Бала Абайдың даналық сөздерінің мазмұнын игерту, мәнерлеп-түсініп әңгімелеу дағдыларын қалыптастыру<br>-«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргізу | |

Сабақтың барысы:

| **Уақыты** | **Педагогің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы.<br><br>7-мин | **Психологиялық ахуал қалыптастыру.**<br>Біз қандаймыз, қандаймыз?<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Күлімдеген күндейміз,<br>Еш уайымды білмейміз.<br>**Топқа бөлу, Суреттер әдісі**<br>(Отбасы мүшелері, білім алуға арналған құралдар)<br>**Топ ережесін құрастыру**<br>- Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!<br>- Уақыттыүнемдейміз!<br>- Нақты,дәлжауапбереміз!<br>- Сабақтаөзіміздіңшапшаңдығымызды, тапқырлығымыздыкөрсетеміз!<br>- Сабаққабелсенеқатысамыз! | Қимылдарды жасайды.<br><br>Сурет бойынша топқа отырады<br><br>Оқушылар ақылдасады, топ ережесін құрастырып .жазады | <br>Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. | Инт тақта |
| Ортасы15-мин | **Тақырыпты ашу**<br>**wordwall** әдісі(Бала Абайдың даналығы)<br><br><br>**Оқу мақсатын таныстырамын**.<br>Даналық деген сөзге түсініктеме беремін.<br>**Даналық** – бұл адамның өмірлік тәжірибесі мен терең білімге негізделген ой-пікірлерді дұрыс түсіну және ақылмен қолдану қабілеті. Ол адамның ақыл-парасаты, | Ойланады, оқиды, дыбыстардан сөз құрайды, сөзден тақырыпты құрастырады<br><br>Тыңдайды, қорытынды жасайды. | Мадақтау сөздер<br><br>Жарайсыңдар! | Инт тақта<br><br>ЖИ түсінік теме жасайды |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ойлау тереңдігі, өмірді түсінуі және дұрыс шешім қабылдауымен сипатталады. Даналық көбінесе өмірден алынған тәрбие мен сабақтар, рухани жетілу арқылы қалыптасады.<br><br>-Бала Абайдың бойындағы даналық пен зеректік, жаңалыққа деген қызығушылықты. Әкесі Құнанбай, әжесі Зере мен анасы Ұлжан қолдап отырды. Олар оған халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, аңыз-әңгімелер мен ертегілерді айтып, елдің қамын әңгімелей отырып дүниетанымын кеңейтті.<br>**–Оқушылардың даналық, әке, бала туралы не білетіндерін анықтау мақсатында алдымен жетекші сұрақтар қоямын.**<br>***(Еркін микрафон әдісі)***<br>-Сіздердің даналық дегенді қалай түсінесіздер?<br><br>- Абай даналыққа қалай жетті?<br><br>-Кез келген әке өз баласының білімді, ақылды болуын қалайды.<br>-Сіздер «Әке», «Бала» деген сөзді естігенде көз алдарыңызға кім немесе не елестейді?<br>**1- тапсырма.Белсенді оқу тапсырмаларыЖеке, жұптық, топтық жұмыс Оқу, білу,түсіну,қолдану**<br>**1-топ:** Жеке оқушы алдына мәтін таратылады.<br>**2-топ:** Жеке оқушы алдына мәтін таратылады.. | Ойланады, пікір айтады.<br><br>Түсініп оқиды, жұпта талдайды, топта талқылайды. Мәтін желісімен сурет салып, топ алдында қорғайды.<br><br>Мәтін желісімен рөлге бөліп топ алдында ойнайды. | Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.<br><br>Мадақтау сөздер<br> | Слайд<br><br>Әке мен баланың суреті<br><br>Слайд<br><br>А-5 плакат маркер, рөльге киетін киім үлгілері |
| 5-минут | **2 -тапсырма.**«Асық ойыны» ***әдісі***<br>**Ойлау дағдыларының деңгейі:білу,түсіну, қолдану**<br>**Нұсқау:**Әр топ кезекпен шығып асық үйіреді де сол асықтың түсу деңгейіне қарай қарапайым және нақтылау сұрақтарын жауап береді. | Ойланады, жылдам жауап береді | Мадақтау сөздер | Асықтар мен қима тапсырмалар |
| 5 мин |  **Сергіту сәті**: Нейрожаттығу | Екі қолымен бір мезгілде орындай отырып А. Құнанбаевтың «Ғылым таппай | Жарайсың дар! | Жеке таратпа қағаздар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мақтанба» өлеңін дауыстап оқиды. | | |
| 6 мин | «Бес жолды өлең» әдісімен «даналық» сөзіне топта өлең құрастыр.<br>**1-тармақ:** 1 зат есім;<br>**2-тармақ:** 2 сын есім...<br>**3-тармақ:** 3 етістік...<br>**4-тармақ:** 4 сөзден тұратын сөйлем...<br>**5-тармақ:** баламасы. ... | Уақытты есептейді. Топпен ойланады, пікірлеседі, бірін-бірі тыңдайды, тез нақты жауапты жазады.<br>Өлең құрастырады<br>Топ алдында оқиды |  |  |
| Сабақтың соңы<br>5 мин<br><br><br><br><br><br><br><br>2 мин | **«Аяқталмаған сөйлем» әдісі сабақты бекіту**<br>«Мұғалімге жеделхат» смартфоннан смс арқылы оқушылар айтылған ойды жалғастырып, жазады<br>- Бүгінгі сабақта...<br>- Маған ерекше әсер еткені ...<br>- Қызықты болғаны ...<br>- Қиындық тудырды ...<br>- Менің түсінгенім ...<br>**Рефлексия.**<br>Сабақтан алған әсерім. | Ойланады, қорытынды жасайды, жазады<br><br><br><br><br><br><br>Сабақтан қандай әсер алғаны жайлы көрсетеді | Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. | Смарт фон үлгілері<br><br><br><br><br><br><br>Смайликтер |

Қосымша

**Әңгіме:**

Бір күні Құнанбай баласы Абайды ертіп, ауыл аралап жүргенде, оған ел басқару ісі мен адамдардың мінез-құлқы жайында сөз қозғайды. Олар бір ауылға келгенде, Құнанбай адамдардың жағдайын сұрап, соңында Абайға қарап былай дейді:

– Бала, мына жұрттың тіршілігін байқадың ба? Қандай ой түйдің?

Абай біраз ойланып тұрып:

– Әке, біреуі көп сөйлейді, сөзі шындыққа жанаспайды. Біреуі үндемейді, бірақ ісі көрініп тұр. Бірі кедеймін дейді, бірақ еріншек. Енді бірі баймын дейді, бірақ сараң, – деп жауап береді.

Құнанбай баласының байқағыштығына разы болып:

– Дұрыс айтасың. Бірақ адамды сынап-мінеу оңай. Ақылды адам елді сөзімен емес, ісімен түзейді. Саған айтатын сөзім: әркімнің жақсы жағын ізде. Жаманын көрсең, оны түзетуге тырыс. Елді сөккен емес, қолдаған адам сыйлы болады, – дейді.

Бұл сөздер бала Абайға үлкен сабақ болады. Ол адамдардың мінезін түсінуге, олардың кемшілігін емес, жақсы қасиеттерін көруге тырысады.

Әңгіменің тәрбиелік маңызы:

1. Адамды түсінуге үйрету

Құнанбайдың кеңестері арқылы Абай адамдарды сырттай бағаламай, терең тануға бейімделді.

2. Қоғамға қызмет ету

Құнанбайдың «жаманын түзеуге тырыс» деген сөзі Абайдың реформаторлық ой-идеяларына негіз болды.

3. Жақсыны көру

Абай адам бойындағы жақсы қасиеттерді көре білуді үйреніп, шығармаларында да осы қағиданы насихаттады.

Бұл секілді әңгімелер Құнанбайдың тек қатал билеуші ғана емес, ақылды тәлімгер екенін, ал Абайдың жастайынан зерек әрі ойшыл болғанын көрсетеді.

Оқиға жас ұрпаққа дүниенің құндылықтарын бағалап, өмірде әділдік пен мейірімділікті насихаттау керектігін үлгі етеді

| | | |
|---|---|---|
| Жоба аты | **Бала Абай** | |
| Мектеп | Б.Майлин атындағы №52 мектеп-гимназия | |
| Педагогтің аты-жөні: | Оспанова Сандуғаш Қабдікәрімқызы | |
| Күні: | 26.11.2024ж | |
| Сынып: 2 | Қатысушылар саны:25 | Қатысушылар саны |
| Сабақтың тақырыбы: | **Бала Абайдың даналығы** | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары: | 3.2. Абай Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі қызметіне баға беру. | |
| Сабақтың мақсаты: | 1. Абай даналығы туралы түсінік бере отырып, оның дүниетанымының сүйіспеншілік құндылығына негізделгенін ұғындыру.<br>2. Абай даналығын сүйіспеншілік құндылығымен байланыстыра отырып үйрету;<br>3.Адалдық, жауапкершілік қасиеттерін дамыту. Айнала қоршаған ортаны құрметтей отырып, адал, жауапкершілікті болуға тәрбиелеу. | |
| Құндылықты дарыту | «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін<br>Құндылық: әділдік және жауапкершілік | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезең уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ тың басы<br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>6 минут | **Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.**<br>Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар,оқылық!» өлеңі қимылдармен көрсете отырып, айту.<br>*Кел, балалар, оқылық,*<br>*Оқығанды көңілге*<br>*Ықыласпен тоқылық.*<br>*Сиса көйлек үстіңде*<br>*Тоқуменен табылған.*<br>*Сауысқанның тамағы*<br>*Шоқуменен табылған.*<br>*Өнер-білім бәрі де*<br>*Оқуменен табылған.*<br>**Топқа бөлу.**<br>-Оқушылар , алдарыңызда жылдың 4 мезгілі бейнеленген суреттер тұр. Кімге қай жыл мезгілі ұнайды, сол жыл мезгілінің суретін алып, сол топқа отыруы керек.<br>1. Қыс<br>2. Көктем<br>3. Жаз<br>4. Күз<br>***Топтар аттарын қорғау.***<br>А.Құнанбайұлының 4 мезгілге | Өлеңді қимылмен көрсете отырып, жатқа айтады.<br><br><br><br><br><br><br><br>Жыл мезгілдерінің суреттерінен біреуін таңдайды.<br>Өлеңдерді әр топтан бір оқушы жатқа айтады.<br><br>Өткенді пысықтайды.<br><br>А.Құнанбайұлы және оның | Жарайсыңдар!<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ауызша мадақтау. | Өлең жолдары.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>4 мезгілге байланысты суреттер.<br><br><br>Тақта, суреттер.<br><br>Киіз үйдің суреті, Абайдың отбасының суреттері. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 минут<br><br>7 минут<br><br>4 минут | байланысты өлеңдерін әр топтан 1 оқушы жатқа айту.<br>**Өткен сабаққа шолу:**<br>**Ой қозғау.**<br>***1-топ***. А.Құнанбайұлы<br>***2-топ***. Әкесі Құнанбай<br>***3-топ***. Әжесі Зере<br>***4-топ.*** Анасы Ұлжан туралы ой қозғау, білгендерін ортаға салу.<br>(Әр топ Абайдың отбасы мүшелері туралы білгендерін ортаға салып, тақтадағы киіз үйдегі дастархан басына отырғызу).<br>-Өте жақсы,балалар!<br>- Балалар, тақтада қандай көрініс пайда болды?<br>- Абайдың отбасы.<br>-Дұрыс айтасыңдар!<br>- Ал отбасы дегеніміз не?<br>***«Отбасы құндылығын»***ашу,жаңа сабақпен байланыстыру.<br>- Ал, отбасы мүшелері бір-бірімен қалай өмір сүру керек?<br>-Отбасы туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ме?<br>-Жарайсыңдар, балалар. Сонымен Абай атамыздың отбасы және Абайдың кішкентайынан әжесінің ертегісін тыңдап, үлкендердің әңгімесін естіп өскенін білдік.<br>-Ал енді бүгінгі жаңа сабағымыз ***«Бала Абайдың даналығы»***деп аталады.<br>- Сіздерге бүгінгі жаңа сабағымыз түсініктірек болу үшін, Нұрәділ мен Аңсар көрініс дайындаған екен.<br>Көрініс көрсету. Жанқұтты шешеннің батасы. (үзінді)<br>*.....Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда Абай келіп сәлем береді. Ол кез - Абайдың жас шағы екен. Оның тапқырлығын, өлең шығаратынын естіп жүрген шешен баланы қасына отырғызады. Біраздан кейін Абай:*<br>*- Ата, сізден бір сұрақ сұрауға бола ма?,- дейді.*<br>*- Е, шырағым, сұрай ғой ,- депті Жанқұтты шешен.*<br>*- Ата, арзан не, қымбат не,* | отбасы мүшелері туралы білетіндерін ортаға салады.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Отбасы туралы мақал-мәтелдер айтады.<br><br>Көрініс көрсетеді | Өте жақсы!<br>Дұрыс!<br><br>Өте жақсы!<br>Жарайсыңдар! | Көрініс.<br><br>Интербелсенді тақта<br><br>Көрініс |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *дауасыз не? Сонибілейіндепедім, - депті Абай.*<br>*- ШырағымАбайжан! Арзан - өтірік, қымбат - шындық, ал дауасыздегенолкәрілікемеспе?*<br>*Жанарыңның оты бар екен - ақындығың шығар, маңдайың жазық екен - ойлылығың шығар, халқыңның қалаулы азаматы бол, - деп Жанқұтты батасын беріпті.*<br>-Балалар осы көріністен не байқадыңдар?<br>- Абайдың ақылдылығын, даналығын.<br>- Дұрыс айтасыңдар,ал Абайдың ақылдылығын қай жерден аңғаруға болады?<br>- Сұрақтарынан.<br>-Дұрыс айтасыңдар,балалар. Абай бала болса да,сұрақтары тереңде жатыр екен.<br>-Яғни, Абай атамыз бала кезінен ақылды,дана болған екен.<br>-Жарайсыңдар,енді дәптермен жұмыс жасайық. | | Өте жақсы! | |
| Сабақтың ортасы<br>7 минут<br><br>3 минут | **Дәптермен жұмыс**.<br>Оқушылар Абайдың даналық сөздерін оқып, ұнаған біреуін айтып береді.<br>**Тапсырма**<br>*Абай атамыздың даналық сөздерін оқы, өзіңе ұнаған бір сөзін көшіріп жаз, не туралы айтылған?Қалай түсіндің? қысқаша айтып бер.*<br><br>*Адал жүріп, адал тұр.<br>*Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, таты ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады.<br>*Адам баласынаадамбаласыныңбәр дос.<br>*Адам баласына жыртықсыз, кірсіз сыпайы киініп, һәм ол киімін былғ былжыратып кимей, таза кимек — дұрыс іс.<br>*Адам баласының ең жаманы — талапсыз. | Дәптермен жұмыс жасайды.<br><br>Қимылмен көрсетеді.<br>Топпен жұмыс жасайды. | Өте жақсы!<br><br>Жарайсыңдар! | Тапсырма жазылған қағаз.<br><br>Интербел сенді тақта, музыка<br><br>Әр топқа арналған тапысырм алар, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Сергіту сәті.**<br>«Ұлттық оюлар» биі<br><br>**Топтық жұмыс.**<br>***1 топ.*** А.Құнанбайұлы өлеңінде жырлаған **5 асылды табу.**<br>***2 топ.*** **5 дұшпанды табу.**<br>***3 топ***. А.Қ. өлең шумақтарын тақырыптарымен сәйкестендіру.<br>***4 топ.*** **«Абай»** сөзжұмбақ шешу**.**<br>Әр топ берілген тапсырмаларды топпен орындап, қорғайды. | | | сөзжұмба<br>қ. |
| Сабақтың соңы<br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>1 минут | **Қорытынды.**<br>**«Асық ату»** *әдісі. Асықтардың артында сұрақтар жасырылған. Оқушылар асықты ату арқылы, тиген асықтың артында жасырылған сұраққа жауап береді.*<br>1. *Абай кім?*<br>2. *Абайдың туған жері?*<br>3. *А.Құнанбайұлының шын аты кім?*<br>4. *Абайдың әжесінің есімі?*<br>5. *Абайдың анасының есімі?*<br>6. *Абайдың әкесі?*<br>7. *А.Қ. 1 өлеңін жатқа айт.*<br>8. *Абай қандай жыл мезгілінде дүниеге келген?*<br>9. *Абайдың қанша қара сөзі бар?*<br><br>**Бағалау.** «Бармақ» әдісі арқылы оқушылар өздері. | Сұрақтарға жауап береді.<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қолдарымен көрсетеді. | Жақсы, белсенд<br>қатысқан оқушыларды мадақтау. | <br><br>Тапсырма жазалан асықтар. |

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп | Астана қаласы. М.Жұмабаев атындағы №65 мектеп гимназиясы | |
| Тарау: | Бала Абай және ауыз әдебиеті | |
| Педагогтің аты-жөні | Сартова Б | |
| Күні: | 28.11.2024ж. | |
| Сынып: 2 «Д» | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Ғылым таппай мақтанба | |
| Сабақтың мақсаты | Өлең мазмұнын меңгерту, идеясын ашу. Тақырыпты меңгерту, өлең мазмұнын талдай отырып, ақын идеясын анықтау. | |
| Құндылықтар | Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік | |
| Пәнаралық байланыс | Тарих, қазақ тілі | |

Сабақтың барысы

| **Сабақ кезеңі/ уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекеттер** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурс** |
|---|---|---|---|---|
| Басы 5 ми | **Сәлемдесу. Психологиялық дайындық.**<br>Жылы лебіздерді айтқызыу.<br>-Балалар, осы біздер қандаймыз?<br>-Талабы биік таудаймыз.<br>-Біз нені ұнатамыз?<br>-Жақсылықты ұнатамыз.<br>-Қалай оқимыз?<br>-Көп оқимыз, терең оқимыз,<br>-Жанып тұрған шырақпыз,<br>-Толқынды су бұлақпыз.<br>-Біз кімбіз?<br>-Елімізді өркендететін,<br>-Қазақ тілін көмкертетін,<br>-Бабаларға тағзым ететін,<br>-Қазақ елінің болашағымыз<br>**Сабақтың қызығушылықты ояту кезеңі.** | Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді.<br><br>Балардың сабаққа деген көңіл күйін көтеру. | Жарайсында р!<br>Тамаша!<br>**ҚБ:**<br>Мұғалімнің ауызша бағалауы үздіксіз жүріп отырады. | Слайд<br>Интерактивті тақта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **Балаларды топқа бөлу. I топ. II топ. III топ. IV топ**<br>**Ой шақыру.** «Жасырған сөздер» әдісі, сөздерді табады, оны сабақпен байланыстырады.<br><br>1. Сұрақтар:<br>1. Абай Құнанбаев кім? - ............(ақын, ойшыл, ғұлама, Слайд)<br>2. Қай жерде дүниеге келген?.................(Шығыс Қазақстан облысы, Шыңғыстаудың бауырында)<br>3. Туған жылы?..................(1845 жылы)<br>4. Алғаш қалай хат таныған?.......................(ауыл молдасынан)<br>5. Абай оқыған Семейдегі медресе?....................(Ахмет Риза)<br>6. Абайдың шын есімі?...................(Ибраһим)<br>7. Өз әкесі?...............................(Құнанбай)<br>8. Абайдың анасы?...............,(Ұлжан)<br>9. Әжесі....................(Зере)<br>10. Ақын қай жылы дүниеден озды?..............(1904 жылы)<br><br>**Мұғалім:** Балалар қандай сөз шықты?<br>- Бүгін біз сіздермен Абай атамыздың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен танысамыз.<br>**Олай болса бүгінгі сабақтың тақырыбы:** «Ғылым иаппай мақтанба» Ғайса Інжу жатқа мәнерлеп айтады. | Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, жаңа сабақтардың тақырыбын шығарады.<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады.<br><br>Тапсырмалар ды орындайды.<br>Балалар 5 жақсы 5-жаман қасиетін айтып береді.<br><br>Кері байланыс береді<br><br><br><br>*Дескриптор*<br>*1.Топ ережесін сақтайды;*<br>*2.Автор шығармаларын суреттейді;*<br>*3.Автор туралы мәліметтер айтады;*<br>*4.Ұнаған шығарманы нақышына келтіріп оқиды;*<br>*5. Деректерді есте сақтайды;*<br>*6. Ақын өлеңдерін талдайды.* | **Дискриптор**<br>1 тапсырма арқылы әр оқушы бағалайды<br>2-балл<br><br><br><br>**Дискриптор :**<br>бойынша сұрақтарға жауап береді;<br><br>Дескриптор<br>2-тапсырма<br>-өлеңді тыңдайды;<br>-түсініксіз сөздерді белгілейді;<br>-түсініксіз сөздердің мағынасын табады;<br><br><br><br><br>Дескриптор<br>3-тапсырма<br>-өлең | <br><br>Тақтамен жұмыс<br><br><br><br>Интерактивті тақта<br><br>Презентация |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>- Ой шақыру. Балалар, адам бойында қандай қасиеттер болады?<br>- Ендеше, адам бойынан табылатын 5 жақсы, 5 жаман қасиеттерді атай қойыңдаршы.
<table>
<tr><th>Жақсы қасиет</th><th>Жаман қасиет</th></tr>
<tr><td>Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым.</td><td>Өсиек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ.</td></tr>
</table>
Қосымшқа ақпарат:<br>«Ғылым таппай мақтанба...» - Абайдың 1886 ж. жазылған өлеңі. Көлемі 77 жол. . Өлең 6-8 буынды аралас ұйқас үлгісінде жазылған. . Өлең – поэзиялық жанр түріне жатады. Туынды ағылшын, араб, азербайжан, қарақалпақ, қырғыз, орыс, өзбек, тәжік, түрікмен, ұйғыр т. б. тілдеріне аударылған.<br>Құлақтан кіріп, бойды алар<br>Құлақтан кіріп, бойды алар<br>Жақсы ән мен тәтті күй.<br>Көңілге түрлі ой салар,<br>Әнді сүйсең, менше сүй.<br>Сұрақ жауап біткеннен соң Абай атамыздың «Көзімнің қарасы» әні орындалады.<br>Мағынаны тану.<br>Өлеңде кездесетін түсініксіз сөздермен танысып, дәптерлеріңе жазып қойыңдар.<br>а) Сөздікпен жұмысы:<br>Нәфрәтлі - жиіркенішті.<br>Ғибрәтлі – үлгілі,өнегелі.<br>Мәтін мазмұнын жан-жақты талдау.<br>1-тапсырма.<br>Сенбе жұртқа, тұрса да</td>
<td></td>
<td>тақырыбына сай;<br>-өлең ұйқастары сақталады;<br>-көркем сөздерді қолданады;<br>Топты бағалау.<br>2-балл<br></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **қанша мақтап**<br>Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,<br>Әуре етеді ішіне қулық сақтап.<br>Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,<br>Еңбегің мен ақылың екі жақтап.<br>**Сұрақ- жауап 4-топқа топтық жұмыс.**<br>1. **Абай Құнанбаев кім?** ақын, жазушы, аудармашы, философ,компазитор, ағартушы.<br>**2. Ақын жастарды неге шақырады?** Ғылым, білімге, өнерге<br>3. **Абай қандай нәрселерден қашық бол дейді?** Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек/<br>4. **Абайдың бес асыл іс деп отырғаны нелер?** Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым. Сын тұрғысынан ойлау жұмысы. | | | |
| | **Сергіту сәті:**<br>«Жалғастыр» ойыны.<br>Білім азбайды, ақыл тозбайды.<br>Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.<br>Білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз.<br>Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.<br>Кісінің кісілігі киімінде емес, білімінде.<br>Білмеген қауып айтады, білген тауып айтады<br>2-тапсырма.<br>Болмасаң да ұқсап бақ,<br>Бір ғалымды көрсеңіз<br>Ондай болмақ қайда деп,<br>Айтпа ғылым сүйсеңіз.<br>Сізге ғылым кім берер,<br>Жанбай жатып сөнсеңі<br>- деген өлең жолдарын қалай түсінесіңдер? | Тапсырманы балалар орындайды. Қойылған тапсырмалар балаларға қызықты болды.<br>От шашау.<br>Өз өзін бағалау<br> | <br>http://www.balakai.kz/engimeler/385-atymtay-zhoma-t.html<br> | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | /«Өнерлі, білімді болу үшін жақсы оқыған адамнан үйрену керек. Өзіңді бей - жай ұстамай, ғылым жолында қиындықтан қорықпай ұзақ еңбектеніп, өз мақсатыңа жетуге болады».<br>3. Ғылым таппай мақтанба Орын таппай баптанба Қалай түсінесіңдер? / Ақын жасөспірімдерді білімді болуға шақырды, әрбір адам өмірінде бір кәсіппен терең шұғылдану керек деген ойларын жеткізбекші болған. Ал ол үшін адам өзін бес нәрсеге тәрбиелеу керек дейді.<br>4. «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген өлең жолдарын түсіндіру /Білімді болсаң, сол білімді тек өз басыңа жаратып қоймай, біліміңді халыққа еңбек етуге жарата біл/<br>Қалыптастырушы бағалау «Үш шапалақ»<br>Қорытынды «Әуе шары» әдісі<br>1. Әуе шарында кім болуы керек?<br>2. Сендер табысты болуларың үшін онда не болуы керек?<br>3. Сендердің табысты болуларыңа не кедергі?<br>4. Оған қатты жылдамдықпен ұшуына не көмектеседі? | | Дескриптор<br>-өлең тақырыбына сай;<br>-өлең ұйқастары сақталады;<br>-көркем сөздерді қолданады; | |
| Сабақтың соңы<br>3 минут | Кері байланыс.<br>Қолшатыр, жаңбыр тамшылырына кері байланыс жазу.<br>«Менің ойымша, бұл...»<br>«Себебі, мен оны былай түсіндірер едім...» |  *Дескриптор :*<br>*Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланысын білдіре* | <br>**Қ.Б.**<br>Тамаша! | Тақтаға жаңбыр тамшылары на кері байланыста рын жазып қояды. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын...»<br>«Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»<br>Мұғалімнің қорытынды сөзі. Жастар- еліміздің болашағы деп жастарымызға үлкен сенім артамыз. Ғылым жолына түскен әрбір жас алғаш білімді мектептен алады.<br>**Үй жұмысы Өлеңді жаттау.** | *алады* | | |

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | **Мектеп: М.Жұмабаев атындағы №65 мектеп-гимназия** |
| **Пәні:** | **«Бала - Абай»** |
| **Бөлім:** | «Бала Абай және ауыз әдебиеті» |
| **Педагогтің аты-жөні:** | **Ишматова К.З** |
| **Күні:** | **27.11.2024ж** |
| **Сынып:** | 2 |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **«Баталы құл арымас»** |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушыларға бата сөзінің мағынасына қазақ халқының мақал-мәтелдері мен өмірлік ұстанымдары арқылы түсінік беру.Оқушылардың ой-өрісін, тіл байлығын дамыту, өз ойларын ашық әрі нақты жеткізу дағдыларын қалыптастыру.Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, еңбек пен адалдықты қадірлеуге тәрбиелеу. |
| **Құндылықтар және оның мақсаты:** | **Біртұтас тәрбиесінің негізінде құндылықтарды дәріптеу.**<br>**Ұлттық мүдде құндылығы:** Ұлттық салт-дәстүрді құрметтеу.<br>**Ар-ұят құндылығы:** Адал еңбекті құрметтеу.Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.<br>**Талап құндылығы:** Білуге, жаңаны тануға құштар болу. Дұрыс қарым-қатынас орната білу. |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақ кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурс-тар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**8 мин** | **І. Ұйымдастыру кезеңі. Сынып ішінде жағымды психологиялық ахуал орнату.**<br>Мынау менің жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған.<br>Мынау - басым, ақылды.<br>Бәрін өзі басқарған.<br>Мынау менің оң қолым,<br>Мынау менің сол қолым,<br>Барлық істі атқарған.<br>-Көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ғажап! (Алақандарын шапалақтайды)<br>-Ендеше, осындай тамаша көңіл-күйімен сабағымызды бастаймыз.<br>**Топқа бөлу: «Жебе»** әдісі арқылы сыныпты топқа бөлу. Садақ жебелері арқылы оқушылар 3 топқа бөлінеді.<br>**1-топ**<br>**2-топ**<br>**3-топ**<br>**Жасанды интеллект арқылы түсінік беру.Абай Құнанбаев сөйлейді.**<br>Бата, бата беру-адал ниет, жақсы тілек білдірудің бір түрі, қазақ елінің | Сынып оқушылары орындарынан тұрып, қолдарын жүректеріне, бастарына қою арқылы өлең шумағын барлығы бірге жатқа айтады |  <br>«Шапалақ» | Интерактивті тақта Презентация<br>Слайд-1<br><br><br>https://drive.google.com/file/d/1RB0e6Tk25pJOpB739fqQsLAwPN4EkZzP/view?usp=shar |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ұлттық дәстүрі. Дастарқан басында, түрлі жиын-тойларда, адам өмірінде орын алатын ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді.«Баталы құл арымас» деген мақалдың мағынасы — еңбегімен, ісімен абыройлы адам ешқашан ұятқа қалмайды дегенді білдіреді. Ал балалар ендеше мен туралы көп білгілерің келсе мұғалімдерің дайындаған тапсырмаларды жарыса орындаңдар. Шырақтарым, сендерге сәттілік тілеймін! | | | ing |
| **Сабақтың ортасы 20 мин**<br><br>Сергіту сәті<br>2 минут<br><br>***4 мин*** | **ОЙ АШАР.**<br>Абайдың бала кезінде кімдерден бата алғаны туралы бейнежазба көрсетіледі.<br>**Топтық жұмыс, 1 топ тапсырмасы:**<br>**Көп нүктенің орнына тиісті сөзді** қойып жаз.<br>1. Абайдың ауылына Дулат (әнші, ақын) келді.<br>2. Абай Зере (әжесінен, анасынан) Дулат ақын ту-<br>ралы сұрады.<br>3. Дулат ақын Абайға (ақылын айт-<br>ты, бата берді).<br>4. Абай өскенде (ұлы ақын, атақты мүсінші) болды.<br>5. Абай - дара (адам, тұлға).<br>**2 топ тапсырмасы:**<br>**«Венн»** диаграммасына салып екі батаның ұқсастығы мен айырмашылықтарын ажырату.Дулат ақынның Абайға берген батасын оқу<br>Шырағым, ержетерсің.<br>Ержетсең, сірә, не етерсің?<br>Алысқа шырқап кетерсің,<br>Шындасаң, шыңға жетерсің.<br>**Жанқұтты шешен Шабанбай бидің Абайға берген батасын оқу.**<br>«Аллаға жағам десең – азанды бол,<br>Ағайынға жағам десең – қазанды бол,<br>Халқыңа жағам десең – әділ бол,<br>Судай таза бол,<br>Жердей берік бол,<br>Өмірің ұзақ болсын,<br>Аймағың суат болсын,<br>Сөзің халыққа қуат болсын!»<br>**3 топ тапсырмасы:**<br>**«Ойынды жинақта» әдісі** | Оқушылар бейнежазбаны көріп ой түйеді. Берілген тапсырмаларды жүйелі орындайды.<br>Дескриптор:1 топ: көп нүтелердің орнына сөздерді қойып жазады.<br><br>Дескриптор:<br>2 топ: Дулат ақынның батасын мәнерлеп оқып береді.Екі батаны салыстырады.<br><br>Дескриптор:<br>3 топ: Абай туралы мәліметтерді жазып қорғайды.<br>**«Әке толғауы»** күйі арқылы сергу жаттығуын | ҚБ<br>Асықтар<br> | https://www.youtube.com/watch?v=fTLvjxpdeuw<br><br>Презентация<br>Слайд-2<br><br>Презентация<br>Слайд-3<br><br>Презентация<br>Слайд-4<br><br><br>Жұмыс парағы<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=EKPFuXnlf3Q |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *3 мин*<br><br>***Сабақты қорыту***<br>3 мин | Абай туралы мәліметтерді жазу<br>**«Әке толғауы» күйі**<br>«**Сәйкестендір**» әдісі<br>**Жұптық тапсырма**<br>Мәтінді оқиды, берілген тарсырмалар жазылған кестедегі сөздерді сәйкестендіріп белгілейді.<br>Жанқұтты шешен Құнанбайдың замандасы, әрі жақын сырласы болған. Жанқұтты Ботантайұлын ел арасында **«Жақсы Жанқұтты»** дейді екен. Жақсы Жанқұтты 1810 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Аюлы тауының баурайында өмірге келген. Бала кезінде ауыл молдасынан оқып, мұсылманша сауат ашады. 1824 жылы әкесі Жанқұттыны Қарқаралы қаласындағы медресеге оқуға береді.<br>«Жеке жұмыс»<br>**«Жеті қазына»** әдісі арқылы берілген баталарды оқиды. Мағынасын түсіндіреді.<br>1)Жаңбырменен жер көгерер,<br>Батаменен ел көгерер.<br>2) Жүрген жерің жаз болсын,<br>Айдыныңа қаз қонсын.<br>Ұйқың-күлкің аз болсын,<br>Мерейің мақтанып,<br>Елің-жұртың мәз болсын! Әумин<br>3) Кең пейіл берсін,<br>Ұзақ ғұмыр берсін.<br>От айнала бас берсін,<br>Өріс толы мал берсін. Әумин<br>4) Құдайым жарылқасын бай қылсын,<br>Төр түлігінді сай қылсын.<br>Кетпес дәулет кең пейіл берсін.<br>Тілектерің қабыл болсын! Әумин<br>5) Қуаныштарың қайырлы болсын,<br>Жастар абыройлы болсын.<br>Уайымдарың жоқ болсын,<br>Көңілдерің тоқ болсын! Әумин<br>6) Асың-асың асыңа,<br>Береке берсін басыңа.<br>Бөденедей жорғалап,<br>Қырғауылдай қорғалап,<br>Қыдыр келсін қасыңа Әумин<br>7) Ұлыс оң болсын,<br>Ақ мол болсын,<br>Қайда барсаң жол болсын! Әумин<br>**«Қоржын»** әдісі арқылы жүзеге асады. | орындайды<br><br>Жеті қазынаға жазылған баталарды оқып, мағынасын түсіндіреді.<br><br>Мәтінді оқып, кестедегі мәліметтерді сәйкестендіреді.<br><br>Кері байланыс жасайды | | Презентация<br>Слайд-5<br>Жұмыс парағы<br><br><br>Киіз үй, қоржындар, асықтар |

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп | Ф.Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназия | |
| Пәні : | Бала Абай | |
| Педагогтің аты-жөні | Дәуіт Үкілімай Нұрбекқызы | |
| Күні: | 15.11.2024 | |
| Сынып:2 Ғ | Қатысушылар саны:18 | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Батаның қасиеті | |
| Сабақтың мақсаты | Білім алушыларға батаның қасиетін меңгерту .<br>Батаның түрлерін түсіндіру . Абайдың өміріндегі батаның ролі жайлы білу . | |
| Құндылықты дарыту | **«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін**<br>**Құндылық: ынтымақ және бірлік** оқушылар арасындағы достық сыйластық қарым –қатынасы сақтай білуге тәрбилелеу. Батаның қасиетін ұқтыру . | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезең уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақ тың басы<br>5 мин | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Сәлемдесу !**<br>*Шапалақ әдісі - арқылы сабаққа дайындығын бақылаймын .*<br>*Егер сабаққа дайын болсақ 1-рет , ал дайын емес болсақ 2 -рет шапалақтаймыз .* | Барлығы бірге | Мадақтау сөздер<br><br>Жарайсың дар! | интер-ы тақта<br><br>слайд |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>20 мин | **Жаңа тақырыпты ашу.**<br>**«Жіпке тізу әдісі»**<br>Тақтаға 4 фото-сурет ілінеді . Балалардан жеке-жеке сурет бойынша сұрақтар қойылады ?<br>**Бірінші суретте** :<br>Абайдың суреті<br>**Екінші суретте** :Бала Абай әжесі Зеремен<br>**Үшінші суретте:** Бала Абай әкесі Құнанбаймен<br>**Төртінші суретте :** Бала Абай анасы Ұлжанмен .<br>Оқушылар суретке шолу жасап бұл кісілердің Абайдың өміренен алатын орны .<br>Әр суретті ашқан сайын , суреттің артында жасырылған әріптер белгілі болады .<br>Барлық суретті ашқанда – **Бата** деген сөз шығады .<br>Мұғалімнің әрекеті – Қандай сөз шықты оқушылар ? – Бата , міне балалар бүгін біз сабақта Бата деген не ? , Батаның қасиеті қандай ? Батаны кім береді ?<br>Абайға кім бата берді ?- деген сұрақтарға жауап аламыз .<br>**«Сиқырлы кітап** » әдісі | Оқушылардың ықтималды жауабы :<br>**1-ші суретте Абай ақын , ұлы тұлға**<br><br>**2-ші суретте Абайдың әжесі Зере**<br><br>**3-ші суретте әкесі Құнанбай**<br><br>**4-ші суретте анасы Ұлжан** | Жарайсыңдар ! | Суреттер |
| 5 мин | **“Сергіту сәті “**<br>Балалар, шаршаған боларсыңдар.Әу демейтін қазақ жоқ , қане бәріміз Абай атамыздың Көзімнің қарасы әнін орындап ,бір сергіп алайық. | | Керемет ! | Оркестр<br><br>Сылтырмақ аспабы |
| 5 мин | **Сабақтастық .Мектебіміздегі “Әкелер мектебі ”**<br>**Ұлттық біртұтас тәрбиені дәріптер бірден бір ұйым .**<br>**Ұлттық құндылығымыздың бір түрі -Бата . Қазақта батаменен ел көгерер ,** | Бата жайлы | Жарайсыңдар | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Жаңбырменен жер көгер деп текке айтпаған .Бата алған бала өр тұлғалы ,қайсар мінезді адам болады ,**<br>- *Балалар батаны кім беретінін білесіңдер ме ?*<br>- *Қазақтың салт-дәстүрінде батаны көпті көрген қария , абыз-аузы дуалы адамдар, қариялар беретін болған .*<br>- *Ал балалар сендердіңде жолдарың ашық , болашақтарың жарқын болсын деп келген атамыздан бата алайық .*<br>-<br>*(Бата береді)*<br>*Дастарханың мол болсын,*<br>*Абыройың зор болсын.*<br>*Отбасының байлығын берсін,*<br>*Деніміздің саулығын берсін.*<br>*Көңіліміз тоқ болсын,*<br>*Уайым - қайғы жоқ болсын.*<br>*Отырғандарың үлкен тақ болсын,*<br>*Осы үйге тек бақ қонсын!*<br>*Сұрасаң бата берейін,*<br>*Ықыласпен қол жайсаң,*<br>*Үстем болсын мерейің.*<br>*Басыңа бақ орнасын,*<br>*Қызыр болсын жолдасың.*<br>*Дастарханың мол болсын,*<br>*Абыройың зор болсын.* | | | тақта<br>слайд |
| Сабақтың соңы<br>10 мин | Топтық жұмыс:<br>Әр топ өз атауларына сай постер қорғайды .<br>**1-топ Ас батасы -** тапсырма<br>әр түрлі ас мәзірі бар суреттер ұсынамын .Ас батасына қатысы батаны | | | Оқулық<br><br>Постер .Суреттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жалғастырады .<br>Дастарханның байлығын …<br>Асымыздың ….берсін<br>….саулығын берсін .<br><br>**2-топ Жол сапар тобы .**<br>Тапсырма . Суреттер ұсынамын . Батаны жалғайды<br>Жорыққанда жолың …<br>Ай барып ,аман …<br>Неге жолға шығарда бата берген ?-сұрақтарға жауап беріп топтың атын қорғау .<br><br>**3-топ Алғыс тобы .**<br>**Мақалды жалғастыр …**<br>**Қарғыс алма ,....**<br>**Алғысты кімге айтамыз ?**<br>**Алғыс …**<br>**Алғыс …**<br>**Алғыс**<br><br>Қорытынды сөз.<br>Абай интелект(Абайды сөйлету)<br>Ауыз әдебиетінің осындай сан қырлы құндылықтарынан тәлім - тәрбие алған Абай даналық мектебіне айналады.<br>**Рефлексия.**<br>**Сабақтан алған әсерін** әр оқу алдына берілген әр түрлі көңіл - күйді таңдап белгілейді.<br>**Кері байланыс**<br>**Қоржын әдісі .**<br>**Асықтарға сабақтан әсерлерін жазып , қоржынға салады .** | | | АКТ<br>видео<br><br>Смайликтер<br><br>**Қоржын**<br><br>Асықтар |

| | |
| Сабақтың ортасы<br>20 мин | **Мағынаны тану**<br>• Сабақтың тақырыбы мен мақсатын жариялау<br>ЖИ арқылы жасалған Абай Құнанбайұлы мен Иван Крыловтың бейнесін көрсету.<br>Бейнежазбада И.Крылов туралы ақпарат беріледі. | Оқушылар бейнежазбаны тыңдайды және жұмбақтардың жауабы арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды. | | https://youtu.be/oE1iSQAmI |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қазақ халқының ақыны, данышпаны, ойшылы – **Абай Құнанбайұлы** 1845 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қасқабұлақ деген жерде дүниеге келген.Шын аты – Ибраһим. Абай ауылындағы Ғабитхан деген молдадан сауатын ашқан.Әкесі оның білімге деген құштарлығын байқаған соң, Семейдегі Ахмет – Ризаның медресесіне оқуға берген.<br>Абай 12 жасынан бастап өлең жаза бастады. Өз өлеңдеріне 20-дан астам ән шығарған сазгер. Абай ақынның 500-ге тарта өлеңдері, 45 қарасөзі бар. Сонымен қатар Абай аудармашы. Абай И.Крыловтың 13 мысалын аударған.<br>**Иван Андреевич Крылов** – белгілі орыс жазушысы, мысалшы, журналист, академик. И. А. **Крылов** 13-ші ақпанда 1769 жылы Мәскеуде офицердің отбасында дүниеге келген. | «Шегіртке мен құмырсқа» бейнежазбасын тыңдайды<br><br>Мысалдың мазмұны бойынша сурет салады<br><br>Шегіртке мен құмырсқаның рөлінде ойнайды<br><br>Абайдың еңбекке қатысы нақыл сөздерін айтады | **Дескриптор:**<br>1.Бейнежазбаны тыңдайды<br>2.Сабақтың тақырыбын анықтайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>1.Мысалдың сюжеті бойынша сурет салады.<br>2.Әр суретке қысқаша сипаттама береді<br><br>**Дескриптор:**<br>1. Шегіртке мен құмырсқаның рөлінде ойнайды<br>**Бағалау «Бес шапалақ» әдісі** | 5M?si=U3U2STdA_3gBj7ew<br><br>А3,А4 қағаздар, маркер, фломсатер, шегіртке мен құмырсқаның маскасы, интерактивті тақта |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2 мин<br><br>3 мин | -Бүгінгі сабағымыздың тақырыбын қандай? Болжап көріңдер<br>(Болжамды жауап: Шегіртке мен құмырсқа)<br>Сабағымыздың тақырыбы: «Шегіртке мен құмырсқа»<br>Мақсаты: Мысалдың мазмұнын түсіну және идеясын талдау. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру. Еңбектің маңыздылығын түсіну.<br>• «Шегіртке мен құмырсқа» бейнежазбасын тыңдап көрейік<br>• **Топтық жұмыс** Әр топқа жеке тапсырма беріледі<br>1-топ «Диафильм» әдісі<br>Мысалдың мазмұны бойынша сурет сал. Әр сюжет бойынша түсініктеме бер.<br>(Болжамды жауап: жаз уақытында шегірткенің ән салып жүруі, күз түскенде шегірткенің қарны ашқан бейнесі, қыстың түсіп, құмырсқаға келуі, | Шығарманың негізгі ойын анықтайды. Кейіпкерлердің іс-әркетіне баға береді<br><br>Оюлар биін билейді<br><br>Дәптермен жұмыс жасайды | <br>**Дескриптор:**<br>1.Абайдың еңбекке қатысы нақыл сөздерін айтады<br><br>**Дескриптор:**<br>1.Шығарманың негізгі ойын анықтайды.<br>2.Шегірткенің іс-әрекетіне баға береді.<br>3.Құмырысқаның іс-әркетіне баға береді.<br><br>**Бағалау «Бес шапалақ» әдісі**<br> | интерактивті тақта<br><br>Дәптер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 мин | шегіртке мен құмырсқаның дилогі)<br><br>2-топ «Сахналау» Шегіртке мен құмырсқаның рөлінде ойна. ЖИ арқылы жасалған Абай Құнанбаев автор сөзі сөйлейді.<br><br>3-топ Абайдың еңбекке қатысты нақыл сөздерін айт (Болжамды жауап: Егер ісім өнсін десең, ретін тап Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.<br>Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың;<br>Адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың.<br>Еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.<br>Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар<br>Еріншек, бекер мал шашпақ, Бес дұшпаның білсеңіз Түбінде баянды еңбек егін салған, жасынан оқу оқып, білім алған)<br>4-топ Абай атамыз | Асықтардың астында жасырынған сұрақтарға жауап береді.<br><br>Ғылым таппай мақтанба өлеңін жатқа айтады | **Дескриптор:**<br>1.Мақалды белгілейді<br>2.Кейіпкерге қатысты сөздерді жазады<br><br>Дескриптор:<br>-Шығаарманың атын атайды<br>-Мысалдың не туралы екенін анықтайды<br>-Шегірткені сипаттайды<br>-Құмырсқаны | «Асық» ойыны тақтасы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мысал арқылы не айтқысы келді? Шығарманың негізгі ойын анықта. Кейіпкерлердің іс-әркетіне баға бер (Болжамды жауап:Шегіртке мен құмырсқа мысалы еңбектің маңыздылығын түсіндіруге шақырады. Бұл мысал бізге еңбекқорлық пен жауапкершіліктің қандай нәтижеге жеткізетінін, ал еріншектік пен бейқамдықтың қандай қиындықтарға әкелетінін айқын көрсетеді.; шегіртке еріншек. Ол жаздың шуақты күндерін ән салып, көңіл көтерумен өткізеді, бірақ суық күндер келгенде қиындыққа тап болады. Шегірткенің жағдайы бізге еріншектік пен бүгінгі күнді ғана ойлаудың қандай салдарға әкелетінін ұғындырады.Бұл мысалдан әркім өзіне сабақ алуы керек; құмырсқа еңбекқор. Ол жаз бойы тынымсыз еңбек етіп, қыстың суық күндеріне дайындық жасады. | | сипаттайды -Мысалдан қандай ой түйгенін айтады | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Құмырсқаның әрекеті бізге болашақты ойлап, жоспар құрудың қажеттігін көрсетеді. Адам өмірінде де осындай еңбекқорлық қажет)<br>• **Сергіту сәті «Оюлар биі»**<br><br>• Дәптермен жұмыс<br>1-тапсырма<br>Мысалға қатысты мақал-мәтелді белгіле.<br>Ауыр болмай, жеңіл болмас.<br>Еңбек етпей, өмір болмас.<br>Әр нәрсеге асық болғанша,<br>Бір нәрсеге машық бол.<br>Біреу білмегенді біреу біледі,<br>Біреу жыласа, біреу күледі.<br>2-тапсырма<br>Мысалдан кейіпкерге қатысты сөздерді теріп жаз<br><br>Өлеңші, ________<br>________________<br>________________ | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>**Қорытынды**<br>• «Асық» ойыны Асықтың астында жасырынған сұрақтарға жауап бер<br>-Бүгінгі сабақта қандай шығармамен таныстыңдар?<br>-Мысал не туралы?<br>-Шегіртке бейнесі қандай адамды сипаттайды?<br>-Құмырсқа қандай адамды сипаттайды?<br>-Мысалдан қандай ой түйдің?<br><br>Абай атамыз жаман әдеттен аулақ бол, жақсы іске асық бол деп қай өлеңінде айтқан еді? (Болжамды жауа: Ғылым таппай мақтанба) онда Ғылым таппай мақтанба өлеңін айтып жіберейік<br>• Мұғалімнің қорытынды сөзі.<br>Ақын Абай атамыз еңбекке немқұрайлы қараушылық, жалқаулық, ерiншектiк | Жұмсақ илеу,____<br>________________<br>________________<br>________________ | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қоғамды жұтатып, тоқыраулыққа ұшырататынын ескертеді. Еңбек етуге шақырады. «Еңбек жоқ, әрекет жоқ, қазақ кедей, тамақ аңдып қайтеді тентіремей» - деп еңбексіздік пен әрекетсіздікті қатты сынаған. Абай адал еңбекпен мал тап, еріншек болма деп үйретеді. Сондықтан еріншектік, жалқаулық сияқты жаман әдеттен аулақ болып, адал, терең білімді, еңбекқор болуға талаптаныңдар. | | | |
| Сабақтың соңы<br>3 мин | **Кері байланыс**<br>«Бір кесе шай» әдісі<br>Оюлы кесенің ішін ашып, сабақтың ең ұнаған сәтін жаз | Кері байланыс береді. | Оюлы кесенің ішін ашып, сабақтың ең ұнаған сәтін жазады. |  |

| | |
|---|---|
| **Мектеп** | **№91 мектеп-гимназия** |
| **Пән** | **Бала Абай** |
| **Сынып** | **3 «Б» сыныбы** |
| **Мұғалімдер** | **Болесова Гульназ Ерсингазиновна** |
| **Ортақ тақырып** | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Абай аудармалары** |
| **Оқу мақсаты:** | **Абайдың аудармаларындағы нақыл сөздерімен қаруланып, ізгілікті, адами** |

| | |
|---|---|
| | **құндылықтарды дәріптеп, рухани азықты оқушылар бойына сіңіру.** |
| **Сабақ мақсаты:** | ● шығарма кейіпкерлердің портретін сипаттайды<br>● Шығарма бойынша өз ойын көркем-бейнелі сөздермен жеткізеді |
| **Құндылықтар** | Дұрыс қарым-қатынас орната білу, қоғам игілігі үшін қызмет ету, халқына адал қызмет ету. |

| **Сабақтың барысы** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастыру кезеңі**<br><br>**Жаңа сабақ** | **Психологиялық ахуал.**<br>**Шеңберге тұру**<br>**Күлім қағып қолымды**<br>**1,2,3-деп соғамын.**<br>**Қарап тұрған көршіме**<br>**Қолымды мен бұлғаймын.**<br>**Жылы-жылы жүзбенен,**<br>**Басынан мен сипаймын.**<br>**Әрқашанда бәріңе**<br>**Көмек қолын созамын.**<br><br>**2 Ой-қозғау «Өрмекшінің торы»**<br>Абайдың нақыл сөздерін оқып, мағынасын ашу.(әр сабақта 1 нақыл сөзін талдау, мағынасын ашу)<br>«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: олар-надандық, еріншектік, залымдық.» Абай<br>Абай туралы біліміңді еске түсір, топтастыр<br>Абай кім?<br>Ақын, филосов, аудармашы т,б<br>Аудармашы деген кім?<br>Кез келген адам аудармашы бола ала ма?<br><br>**Тақырыппен, сабақ мақсатымен таныстыру.**<br>**Абайдың аудармалары**<br>Абай орыс әдебиетін 1882 жылдан бастап аударған. Ең бірінші аудармасы - орыстың атақты ақыны Лермонтовтың «Бородино» атты патриоттық өлеңінен үзінді. Ең соңғысы - Лермонтовтың «Вадим» атты ұзақ әңгімесінің желісін, | Қимылмен көрсетеді<br><br>Мағынасын ашады<br><br>Сұрақтарға жауап береді | Дескриптор: жат қылықтардан аулақ болу туралы тұжырым жасайды | Презентация №1<br>Музыкасы https://www.youtube.com/watch?v=uDgb1RtshoI<br><br>Презентация №2<br><br>Презентация №3,4 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қорытынды | оқиғасын алып, өзінше қысқартып жазған поэма. Абай аудармаларын зерттеушілер қазір орыс әдебиетінен оның елуден аса аударған өлеңдері барлығын айқындап отыр. Олардың ішінде лирикасы да, баснясы (мысал өлеңдер) да, ұзақ өлеңдері де, сатиралық лирикалары да бар. (Солардың ішінде «Қарға мен түлкі» атты басня екі түрлі вариантта аударылған)<br>Абай аудармаларының тарихи-әлеуметтік мәні үлкен. Өйткені, ең алдымен қазақ жұртшылығы Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков тәрізді дүниежүзілік әдебиетінің ірі тұлғаларымен бірінші рет Абай арқылы танысты. Екінші, өзінің зор талант, асқан шеберлігінің арқасында, ұлы ақындардың ұлы еңбектеріндегі үлкен идея, әдеби сұлулықты қазақ оқушыларының ой-сезіміне жеткізе аудара біліп, оларға жалпы қазақ халқының жүрегінен жылы орын әперді. Оларды қазақ өз ақындарындай сүйді. Абайдан кейін әдебиетті сүйетін қазақтардан хат білсін, білмесін «Татьянаның хаты», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қанжар» («Кинжал»), «Жалғыз жалау жалтылдап» өлеңдерін білмейтін адам аз шығар. Сөйтіп Абайдың аудармалары мәдениетті, үлкен идеяны қолдаушы басқа елдердің ұлы ақындары мен қазақ жұртшылығы араларындағы дәнекер болды. Бүгін біз Абайдың Крыловтан аударған «Есек пен бұлбұл» мысал өлеңімен танысамыз<br><br>**Топпен жұмыс**<br><br>**<u>3-тапсырма </u>«Қос жазба» әдісі.**<br>**1-топ мысал бойынша ойландырған сөз, сөз тіркесі** | Ой салған сөз тіркесін жазады, ойын тұжырымдайды<br><br>Матрица кестесін сәйкестендіріп бояйды<br><br>Мысал мазмұны бойынша ұяшықтарды толытады<br><br>Рөлге бөліп ойнайды | Өз ойын ашып жеткізеді<br><br>Түстермен дұрыс сәйес бояйды<br><br>Шығарманың авторын, кейіпкерлерін, оқиға орнын, мәселесін, оны шешуді дұрыс анықтайды. Негізгі ойды табады.<br><br>Сөз мәнерін, сахнадағы образды, мәдениетті | Сөздер<br><br>«Қос жазба» кестесі<br><br>Матрица<br><br>Кесте<br><br>Бетперделер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **немесе сөйлем жазу. Өз ойыңды тұжырымдауға тырыс**<br><br>**2-топ «Креативті матрица» әдісі**<br>Шығармадағы 2 кейіпкердің бейнесін анықтау<br><br>**3-топ «Оқырман күнделігі» әдісі арқылы алты ұяшықты толтыру**<br><br>**4-топ «Мен актер» әдісі арқылы алдыңғы сабақта берілген «»Шегіртке мен құмырсқа» мысалын сахналайды**<br><br>**6. Рефлексия “Бес асыл іс”**<br>**Талап: Бүгін сабақта мен үшін құнды болған......**<br>**Еңбек: Енді мен қолдана аламын. ...**<br>**Терең ой: Бүгінгі сабақтан түйген ойым..**<br>**Қанағат: Маған ұнады, өйткені .....**<br>**Рахым: Тапсырма қызықты болды......** | | сақтайды<br><br>**Дескриптор:**<br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>Әр топ сабақтан алған әсерлерін жазады. | |

| | |
|---|---|
| **Бөлім** | Отбасы |
| **Білім беру ұйымының атауы** | №3 мектеп-гимназиясы ШЖҚ МКК |
| Педагогтің аты-жөні: | Бейсенбина Гульжан Кайырберлиевна |
| Күні: | 22.11.2024ж |
| Сыныбы: | 4 «А» |
| Сабақтың тақырыбы: | **«Менің туысқандарым»** |
| Сабақтың мақсаты | Оқушыларға Абайдың отбасы туралы айта отырып, отбасы деген ұғымның мағынасын терең түсіндіру, отбасындағы |

| | |
|---|---|
| | сыйластық, туған-туыстарға деген құрмет қасиеттерін қалыптастыру. Оларды бір-бірінен ажырата білуге үйрету. |
| Бағалау критерийі | Абайдың шығу тегін, Абай атамыздан тараған ұрпақтарды жазады;<br>Әр оқушы өз жеті атасын жазады; |

**Сабақтың барысы:**

| **Сабақтың кезеңі/уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақ-тың басы** | Сәлемдесу<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру<br>Қуан, шаттан, алақай!<br>Ерте ояныпп, ойланып, ержеткен кім?<br>Талабын тас қияға өрлеткен кім?<br>Құба жон, құбақан құм, құла қырда,<br>Өлеңнің бесігінде тербеткен кім?<br>**“Кубизм”**<br>Өтілген тақырыптарды пысықтау мақсатында топтарға сұрақтар ұсыну.<br>1. Абай кім?<br>2. Қашан. Қай жерде, дүниеге келген?<br>3. Абайдың шын есімі кім?<br>4. Абайдың қандай өлеңдерін білесіңдер?<br>5.Абай қандай жыл мезгілінде дүниеге келген?<br>6. Қанша қара сөзі бар?<br>7. Абайдың әкесінің аты кім?<br>8. Абайдың анасының аты кім?<br><br>Қызығушылықты ояту<br>1 топ **«Пазл»**<br>2 топ **«Адасқан буындар»**<br>3 топ **«Адасқан әріптер»**<br>4 топ **Ребус шешу**<br>**«Жалғасын тап»**<br>Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:<br>**Жылы жүрек, нұрлы ақыл, ыстық қайрат.**<br>Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,<br>**Еңбегің мен ақылың екі жақтап.**<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту; | 1.Мұғаліммен сәлемдеседі.<br>2.Өлең шумағын мәнерлеп айтады<br><br>Қойылған сұрақтарға оқушылар жылдам жауап береді.<br><br>Оқушылар әріптерді құрастыру арқылы топтың атын табады және жаңа тақырыпты ашады. | Мадақ-тау сөзі арқылы<br><br>Бас бармақ арқылы. | Додекаэдр<br><br><br>Пазл, әріптер |
| **Жаңа сабақ** | -Туыс деген сөзді қалай түсінеміз?<br>-Отбасы дегеніміз кімдер?<br>Туысқандар – туыстық қатынастағы адамдар. Анаң мен әкеңнің бауырлары, әпке-қарындастары бар. Олар саған аға, тәте болады, ал сен әкеңнің туыстарына бауыр, анаңның туыстарына жиен боласың. Олар сенің жақын туыстарың.<br>-Отбасындағы қарым-қатынас қандай болу керек? | Оқушылар сұрақтарға жауап береді. | | Асық, ұялы телефон |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Туған- туыстар бірін-бірі құрметтеуге, қиын сәтте көмектесуге, үлкендердің сөзін тыңдауға, олармен кеңесуге тиіс.<br>-Жігіттің неше жұрты болады?<br>Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Өз жұрты өзіңнің туған бауырларың, нағашы жұртқа анаңның туыстары, ал қайын жұртқа әйеліңнің туыстары жатады.<br>-Қазақтың арғы бабалары кімдер? (сақтар, ғұндар, түркілер)<br>Қазақ халқы үш жүзге бөлінеді: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз. Абайдың дүниеге келуі, шыққан ортасы, ата - тегі, әке - шешесі<br>Орта жүздің Арғын тайпасының<br>Тобықты руынан шыққан билер әулетінен.<br>АБАЙ ТЕГІ<br>Күшік<br>↓Әйтек<br>↓Олжай<br>↓Айдос, Қайдос, Жандос(Жігітек)<br>↓Ырғызбай<br>↓Өскенбай<br>↓Құнанбай<br>↓Абай(Ибраһим)<br>**1-тапсырма:**<br>Мәтінмен жұмыс. QRкод арқылы мәтінді оқиды.<br>**1 топ** Абай Құнанбайұлы Орта жүздің Тобықты руынан шыққан. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы өз заманындағы атақ даңқы алысқа кеткен адамдардың бірі болған. **Абайдың әкесі Құнанбай** 4 әйел алған адам. Оның бәйбішесі **Күңкеден** – Құдайберді, інісі Құттымұхамбетке айттырылып, қалыңдық кезінде жесір қалған соң өзі алған екінші әйелі: **Ұлжаннан** – Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі **Айғыздан** – Халиулла, Ысмағұл туады. Қартайған шағында үйленген ең кіші әйелі **Нұрғанымнан** ұрпақ жоқ.<br>**2 топ Есімі:** Абай бала кезден Өскенбайдың әулетінің Үлкен әжесі атанып кеткен **Зере** әжесінің қолында өсті, Өскенбайдың бәйбішесі Тоқбала анамыз (Зере) Найманның Матай болысының байы Бектемірдің қызы, Зере әжеміз Ибраһимді "Абай" деп еркелетіп атаған. **Ибраһим** - азан шақырып қойған аты **Телғара** - бала кезінде екі ананың арасында тел өскен Абайға жеңгелері | Сыныптағы оқушылардың қандай жүзге жататынын анықтайды.<br><br>Абай атамыздың жеті атасын анықтайды.<br><br>Әр топқа QRкод арқылы мәтін беріледі, оқушылар мәтінді мәнерлеп оқиды. | .<br><br>Бас бармақ арқылы.<br><br>Әр топ асық жинау арқылы бағалайды | интербелсенді тақта<br><br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қойған.<br>**3 топ *Абайдың шешесі Ұлжан туралы:*** Абайдың анасы **Ұлжан** Орта жүздің Арғын тайпасынан Қаракесек руының *шешендік, әзіл-әжуамен атағы шыққан Шаншар тобының қызы». Ақынның нағашы жұртынан алған үлгі-өнегесі де аз болмаған. Арғысы атақты Битен мен Шитен, бергісі әйгілі шешен, әзілқой, тапқыр, мысқылшылдар — Қантай, Тонтай, Жонтайлар. Ұлжанның әкесі Тұрпан Тонтайдың інісі.*<br>**4 топ**<br>Абай ғылым іздеуді өз басына ғана алмай, балаларын да барынша оқытуға тырысқан. Бәйбішесі Ділдәдан – Ақылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия мен Райхан, екінші әйелі Әйгерімнен – Тұрағұл, Мекайыл, Ізкайіл мен Кенже, барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Ал Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ.<br>**2-тапсырма:**<br><br>**«ДЖИКСО» әдісі**<br>Әр топ басшысы барып топтарға мәтін бойынша әңгімелеп айтып береді. | Әр топ басшысы барып топтарға мәтін жайында әңгімелеп айтып береді. | |  |
| **Сабақ-тың ортасы** | **Сергіту сәті** Абай атамыздың «Көзімнің қарасы» әнін айту<br><br>**3-тапсырма**<br>**1-топ: "Топтастыру"** әдісі<br>Сонымен Абай атамыздың жеті атасын толықтырайық.<br>**2-топ: «Семантикалық карта»**<br>Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты бойынша кестені толтыру.<br>**3-топ: "Топтастыру"** әдісі<br>Абай ұрпақтарын жазу<br>**4-топ: "Ойлан, тап!"**<br>Өз жеті атасын жазу. | «Көзімнің қарасы әнін айтады.<br><br>Абай атамыздың жеті атасын атап жазады.<br><br>Семантикалық картаны толтырады.<br>Абай атамыздың ұрпақтарын жазады.<br><br>Оқушылар өз жеті атасын жазады. | Әр топ бас бармақ арқылы кері байланыс жасайды. | музыка<br><br>Топтастыру әдісі, семантикалық карта, таратпа материалдар<br> |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақ соңы** | Тыңдағаны бойынша Абай атамыздың шежіресін ағашқа жасап құру. Абайдың бесінші, алтыншы ұрпақтары бүгінде Алматы қаласында өмір сүруде. Олар Ақылбайдан тараған ұрпағы – Айдос Ақылбаев пен Данияр Ақылбаев. Екеуі де орта жастан асқан. Айдос Ақылбаевтың – Александра, Данияр Ақылбаевтың – Дана, Кәмила, Меруерт есімді қыздары бар.<br>Оқысаң, ашылады ой тұманы,<br>Сүрініп, жығылмауға Абайды оқы,<br>Абай сөзі-қазақтың бойтұмары<br>Абайдан тараған ұрпақты біле жүрейік! Абайдың мұрасы туған халқы үшін ешқашан да сарқылмайды.<br>**“Кері байланыс”** стикерге өз ойларын жаза отырып, кері байланыс жасау<br>Өзіңе сен,<br>Өзіңді алып шығар<br>Еңбегің мен ақылың<br>Екі жақтап,-деп Абай атамыз айтқандай ақылды білімді болсаңыздар, жеті аталарыңды біліп жүрсеңіздер, еліміздің болашағы жарқын болады деген ойдамыз. | Абай атамыздың шежіресін құрады.<br><br>стикерге сабақтан алған әсерлерін жазады. | Мадақ-тау сөзі арқыл ы | <br><br> |

**Қысқа мерзімді жоспар. 4-сынып. «Бала Абай»сабақ сілтемесі: https://youtu.be/TILIJIP8Nwg?si=57vM07Ll15jPW6Xv**

| | |
|---|---|
| Білім беру ұйымының атауы | Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясы |
| Бөлім | **Бала Абай** (Факультативтік курс**)** |
| Педагогтың Т.А.Ә. | Әкімбек Динара Мұратбекқызы |
| Күні: | 28.11.2024 |
| Сынып: 4 В | Қатысушылар саны: 26 |
| Сабақтың тақырыбы: | **Абайдың өлеңдері туралы жалпы түсінік** |
| Сабақтың мақсаты: | Абайдың шығармашылығымен танысып,өлеңдерінің мағынасын талдау және топта бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамыту |
| **Құндылықтар және оның мақсаты:**<br>Әділдік және жауапкершілік | Оқу тапсырмасын орындауда табандылық,еңбекқорлықтың болуы, біріге отырып, ынтымақтастықта жұмыс жасауды қалыптастырады;<br>Апта дәйексөзі: Өз өміріңізге жауапкершілікті алу — діттеген мақсатқа қол жеткізу үшін бәріне де дайын болу |

Сабақтың барысы:

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>*1 минут*<br>*2 минут*<br>**«Қал қалай?»** | Оқушылармен амандасу. Психологиялық ахуалды жақсарту | | <u>*Дескриптор:*</u><br>- оқушылар бір топта ынтымақтастықта жұмыс істеуге | Интербелсенді тақта, Керемет» «Жарайсың |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| *«Ой қозғау»*<br>*(5 минут)* | **«Қал қалай?» ойыны**<br>Осылай<br>Жүріс қалай? Осылай<br>Жүгіріс ше? Осылай<br>Алғанда ше?<br>Бергенде ше?<br>Түнгі ұйқы қалай?<br>Ойнағанда қалай?<br>Ұрысқанда?<br>Көңіл күй қалай?<br>Жақсы осындай көңіл күймен сабағымызды бастайық.<br><br>**«Мегами»** әдісі арқылы Абай туралы өткенсабақтарға шолу жасау. Берілген ми қыртыстарына Абай туралы білетінімізді жазамыз.<br> | Оқушылар іс-әрекеттер арқылы қимылдар жасайды.<br><br>Оқушылар Абай туралы білетіндерін жазады. | қалыптасады; | -дар» стикерлері, «Бала Абай» оқулығы,<br><br>Ми қыртыстары бейнеленген суреттер |
| **Сабақтың ортасы**<br>*10 минут* | Абай өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») деп басталатын өлеңнен бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері — «Йузи-рәушән», екіншісі — «Физули, Шәмси, Сәйхали». «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870 — 80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы — «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Абай өлеңдері түгелдерлік лирикадан құралады.<br>Қысқа өлеңдерінде Абай табиғат бейнесін, адамдар портретін | Оқушылар мұғалім ұсынған ақпараттармен танысады;<br>бейнематериал көреді; | *<u>Дескриптор:</u>*<br><br>- Абайдың өлеңдері туралы ақпараттармен танысады;<br>-әрбір оқушы әкесін құрметтеуге, бағалауды үйренеді; | Видео-материал, Жасанды Интеллект |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **«Жалғастыр» әдісі**<br>*(7 минут)*<br><br><br><br><br><br>***«Жеке жұмыс»***<br>*(5 минут)*<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>***«QR сканерлеу»***<br>*(12минут)* | жасауға, ішкі-сыртқы қылық-қасиеттерін, мінез-бітімдерін айқын суреттермен көрсетуге өте шебер. Қай өлеңінен де қазақ жерінің, қазақтың ұлттық сипатының ерекшеліктері көрініп тұрады.<br>*.**«Жалғастыр әдісі»** арқылыоқушылар «Ғылым таппай мақтанба»өлеңін жалғастырып оқып шығады.*<br><br>***Өзің ұнататын өлеңді жаз.***<br><br>Жақсы, балалар олай болса, Абай Құнанбаев адамның бойында осы қасиеттерді көргісі келді.<br>Абайдың көзі тірісінде жетпеген арманына біздің заманымызда жетіп отыр. Өйткені, бүгінгі ұрпақ көзі ашық, ғылымға, білімге, өнерге құмар.<br><br>**Топтық жұмыс**<br>***QR сканерлеу***<br>Тапсырма. Абайдың берілген өлеңің бір жолын оқып, негізгі ойды анықтап, сол ойды кестеге немесе суретін салу.әр топ. Сол постерді қорғап жаз.<br><br>**1-топ:**«Қыс»<br>**2-топ:** «Жаз» | Оқушылар өлеңді оқиды және талдайды;<br><br><br><br><br><br><br><br>Оқушылар өлеңді жазады және талдайды;<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Оқушылар біріге отырып, топқа ұсынылған тапсырмаларды орындайды; | -өлеңді жазады<br>-талдайды;<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>- «Дұрыс, бұрыс» әдісі арқылы оқушылар топтарды бағалайды. | Оқулық;<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Постер жасау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **3-топ:** «Күз»<br>Абай табиғат бейнесін, адамдар портретін жасауға, ішкі-сыртқы қылық-қасиеттерін, мінез-бітімдерін айқын суреттермен көрсетуге өте шебер. | | | |
| Сабақтың соңы<br>**«Көңіл күй аралы»**<br>Кері байланыс<br>3 минут | Сабақтықорытындылау.<br><br> | «Сенімдімін»<br>«Қуаныштымын»<br>«Күмәндімін» | | Стикерлер |

**ҚОСЫМША 1**



14 Әке-балаға сыншы

1. Суреттің орнына тиісті сөзді қойып, мақалды оқы.

Әке-

2. Мәтінді тыңдап,сұрақтарға жауап бер.

Бірде Құнанбай баласы Абайды шақырып:
-Балам, сен әкеңе жете туғансың ба, өте туғансың ба? – деп сұрайды.
Сонда Абай:
-Әке, мен өте туғанмын, өйткені мен ақын болдым,- депті.
Аз ғана ойланған дана Құнанбай:
-Жоқ, сен маған жете тудың. Өте туу үшін Абай секілді бала тәрбиелей алу керек,-деп жауап беріпті.

3. Ребусты шеш.

, Б

4.Көркем жаз.

Құнанбай

сын

Сабақ барысында қолданылған бейнематериал: https://youtu.be/VD8sVMTRUHc?si=v9obzhhXgt9KoNuk

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп | № 19 орта мектеп» КММ | |
| Педагогтің аты-жөні | Камитова Анара Жакслыковна | |
| Күні: | 25.11.2024 | |
| Сынып:4 | Қатысушылар саны:20 | Қатыспағандар саны: 0 |
| Сабақтың тақырыбы | **Абайдың туысқандық қатынасы және ақындығы** | |
| Сабақтың мақсаты | Абай Құнанбаевтың туысқандық қатынастары мен оның шығармашылығын талдау.<br>Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау және әдеби талдау дағдыларын дамыту. | |
| Құндылықты дарыту | Ақынның өлеңдерінен адамгершілік құндылықтарды ашу, Оқушы бойындағы ұлттық құндылықтарды дамыту | |

| Сабақтың барысы | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың кезеңі уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Сабақтың басы | **Психологиялық ахуал «Қалай сәлем береміз?»** | Психологиялық тренингке | Оқушыларды | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>4 мин | -Балалар, келген қонақтарымызға әдепті бала екенімізді көрсетейікші. Әдепті балалар қалай амандасады?<br><br>Оқушыларды топқа бөлу<br>«Асықтар» әдісі бойынша оқушыларды топқа бөлу.<br>**Түсіндірмесі:**<br>Оқушылар шеңберде араласып жүреді, мұғалімнің қолында бір дорба асық бар. Мұғалім дорбадан қанша асық алып шығады балалар сол санға сәйкес топтасады, екі асық болса жұппен тұрады, ойын солай жалғаса береді. Топ болуға қажетті асық болғанша дейін.<br>**Жаңа тақырыпты ашу, өткен тақырыптарды еске түсіру, сұрақтарға жауап беру**<br>-Балалар, мен сабақты бейне баян көрсетуден бастағым келеді. Бейнесабақты көріп болғаннан соң, сұрақ жауап.<br>**Ұшып - қону** әдісі арқылы миға шабуыл жасау.<br>-Абай жастайынан неге құмар болған?<br>-Абайдың қандай туыстарын білесіңдер?<br>-Абай кімдерден білім алған?<br>-Абайдың әкесі кім болған?<br>-Абайдың қандай шығармаларын білесіңдер?<br>Ал, өзіміздің тапқырлығымызды көрсетейік.<br>Жоғарыда қойылған сұрақтар неге бағытталған? Жаңа тақырыпты ашу. | қатысады<br>Оқушылар шеңбер құрып тұрады.<br>Қонақтарға қарап амандасады<br>-Сәлеметсіз бе?<br>Оқушылар асықтардың ролін атқарады, асықтардың саны бойынша топтасулары қажет.<br><br>Топтасқандары бойынша 4 топқа бөлініп отырады.<br><br><br><br><br><br>Балалар бейнебаянды мұқият көріп шығады.<br>Берілген сұрақтардың нақты жауабын білетін болса, орнынан ұшып тұрып, жауап береді.<br><br><br><br><br><br><br><br>Жаңа тақырыпты, оқу мақсатымен танысады. | бағалау парағымен таныстыру<br><br>Әрбір жауап үшін алдындағы асықта берілген ұяшықты бояу<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Әр дұрыс жауапқа ұпай беріледі<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Әрбір жауап үшін алдындағы асықта берілген ұяшықты бояу | <br><br><br><br><br><br><br>Дорбаға салынған асықтар<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Акт тақта, үлестірмелі парақтар, интернет ресурстар.<br>https://youtu.be/VD8sVMTRUHc?si=fQsFlriqkAER3vFj |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Оқушылардың барлық жауап нұсқаларын қабылдау<br>-Абайдың әкесі, анасы, әжесі жайында, шығармалары туралы. | | |
| Сабақтың ортасы<br>15 мин | **Жаңа сабақты түсіндіру:**<br>1. Абайдың әкесі Құнанбай, шешесі Ұлжан, әжесі Зере туралы айтып беру. Абайдың бала кезіндегі тәрбиесіне туыстарының ықпалы.<br>2. Абайдың шығармашылығымен танысу. Слайдпен жұмыс<br>**Топтық жұмыс: «Көкпар ойыны»**<br>Оқушылардың сұрақ қою қабілетін дамыту арқылы оқу сауаттылығына дағдыланады.<br>Көкпар ойынының шартын есімізге салу,<br>1. **Мәтінмен танысу.** Әр топқа бірдей мәтін беріледі. Оқушылар мәтінді оқиды, мазмұны бойынша сұрақтар құрастыруға дайындалады.<br>2. **Сұрақ құрастыру.** Оқушыларға берілген мәтін бойыншанеғұрлым көп сұрақ құрастырады. Бір сөйлемге бірнеше сұрақ құрастыруға да болады. 3 мин<br>3. **Көкпарға шығу.** Алдын ала әр топқа лақтың суреті салынған карточкалар таратылады, әр карточкаға бір сұрақ жазуға ұсынылады. Көкпар басталғанда топтар кезегімен сұрақ қойып жарысады. Оқушы сұрақ жазғанда өз атын жазып, лақты қазандыққа салады. Сұрақ қайталанбауы тиіс. Яғни, салымды көп салған топ жеңіске жетеді. Әр сұрақ құрастырған оқушыға ұпай беріледі.<br>4. **Жеңімпазды анықтау.** Көп салым салған топ, жеңімпаз болады. Өзге топтың белсенді қатысушылары аталып, ұпайға ие болады. | Тұжырымдар туралы өз ойымен бөліседі<br>Сұраққа жауап беріп, өз ойын айтады<br><br>Оқушылар Көкпар ойынының шартын айтады<br><br>Әр топқа шағын мәтін ұсынылады, оқушылар алдымен мәтінмен танысып, оқып шығады, оқыған мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады. Ойынның шарты мен ережесін орындайды. | **Бағалау критерийі** Өз ойын, сезімін, көзқарасын өмірде болған, өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіреді<br>**Дескриптор:**<br>Сұрақтар құрастырады 1 балл<br><br><br>Әрбір жауап үшін алдындағы асықта берілген ұяшықты бояу | Слайд<br><br>Қазандық макеті, лақтың суреті бар парақшалар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| 10 мин | **Сиқырлы кітапхана әдісі:** **Wordwall** бағдарламасы арқылы топтарға шығармашылық тапсырма беру.<br>Түсіндірмесі: Мультимедиялық тақтада сиқырлы тақта алаңы ашылады, әр топ тек бір ғана кітапты ашады. Кітаптың ішінде тақырыптар берілген. Тақырып бойынша ақпарат іздеп, топпен постер құрастырады.<br>**Постерді қорғау.** Әр топтан бір сөйлеуші анықталады. | Әр топ өздері қалаған кітапты ашады, берілген тақырып бойынша дереккөздерден ақпарат жинайды, шағын постер құрастырады<br><br>**Сөйлеуші** топтарды аралап өздерінің жұмыстарын таныстырып шығады<br>Таныстыру уақыты<br>3 мин | <br><br>**Дескриптор:** Берілген тақырып бойынша ақпарат іздейді 1 балл<br>Постерді қорғайды 1 балл | Мультимедиялық тақта<br>**Wordwall** бағдарламасы<br>https://wordwall.net/ru/resource/52654562 |
| 2 мин | **Сергіту сәті.**<br>Желсіз түнде жарық ай әнінің мазмұнын іс қимылмен көрсету | Балалар бірге орындайды | Жарайсыңдар | Музыка<br>АКТ тақта<br>https://youtu.be/ffY7SQdJnhE?si=BlAxChmWtW3mMZFH |
| Қорытынды.<br>5 мин | **Сұрақ-жауап әдісі**<br>Абайдың туысқандық қатынасы оның шығармашылығына қалай әсер етеді?<br>Абайдың ақындығының қандай | Оқушылар сұрақтарға толық нақты жауап береді, | <br>Әрбір жауап үшін алдындағы асықта берілген ұяшықты бояу | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ерекшеліктері бар?Абайдың өлеңдері бізді неге үйретеді? | | | |
| Сабақтың соңы<br>3 мин | **Рефлексия. Мен бүгін өзіммен не алып кетемін?Үй тапсырмасы:**<br>Кез келген қара сөзінен ата-анамен бірге талқылап, негіхгі ойын жазып келу | Арнайы стикерген сабақ бойынша кері байланыс береді. | ҚБ қойылады. | Стикерлер, тақта |

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | Астана қаласы № 23 орта мектеп |
| **Пәні:** | **Абайтану** |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Айжан Нұрбекқызы |
| **Күні:** | 28.11.2024 |
| **Сынып:** | 4 «А» сынып |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **М.Әуезов «Абай жолы» романы»Қат-қабатта» тарауындағы әке мен бала** |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | Әдеби шығарманың мазмұнын түсіну, кейіпкерлердің мінез-құлықтарын сипаттау. Әке мен бала арасындағы қарым- қатынастың ерекшелігін бағалау |
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылардың әдеби талдау, сын тұрғысынан ойлау және сөздік қорларын дамыту |
| **Құндылықтар және оның мақсаты:** | Сабақ құндылығы: Әке мен бала арасындағы сыйластық |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі// уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| ***Сабақтың басы***<br><br>***Сабақтың ортасы***<br>22 минут | Психологиялық ахуалды жақсарту<br><br><br>Жаңа тақырып<br>**"Абай жолының" қысқаша мазмұны. І том, "Қат-қабатта"**<br><br><br>Бұл тарау саны 20 шақты ауыл болатын Ырғызбай руының күздеуден қыстауға ерте көшуімен басталады. Осы жайтты талқылау үшін Бөкенші руының басты адамы Сүйіндік Жігітек Бөжейдің үйіне түстене келеді. Үйде Бөжейден бөлек Жігітектен шыққан Түсіп деген кісі | Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді.<br><br> | Мақтап, мадақтап отыру<br><br>«Екі жұлдыз,бір тілек»» әдісі | Суреттер<br><br>Таратпа қағаздар<br><br>Жұмыс парағы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақты қорытындылау | бар екен. Үшеуі Құнанбайдың бұлай әрекет етуіне не түрткі болғанын түсіне алмай дал болады. Қайткен күнде де Құнанбайдың бұларға жақпайтын есебі барын олар іштей сезетін секілді.<br>Жағдай күрт өзгереді, екі жақтың күші теңеседі. Бірақ ұрыс осымен тоқтайды. Есін жиған Бөжей Құнанбайға қарап "Әй, Құнанбай, мен сені оқтан аяп ем жаңа, сен мені отқа салдың ба? Осыныңды ұмытпа!" дейді. Құнанбай өз тобын түгендегеннен кейін Қарашоқыға қарай қайтады. "Қат-қабатта" деп аталатын екінші тарау осылай аяқталады.<br><br><br>1-**Тапсырма**<br>1.Әке мен бала арасындағы қарым қатынастың тәрбиелік маңызы қандай?<br>2. Құнанбайдың тәрбиесіндегі қаталдықтың мәні?<br><br>1.Абайдың әкесіне деген көзқарасы арқылы біз не үйрендік?<br>2.Құнанбайдың тәрбиесі Абайдың өміріне қалай әсер етті? | Тапсырманы орындайды<br><br>Кері байланыс жасайды | <br> | Жұмыс дәптері<br><br>Кері байланыс тақтасы |

| | |
|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | №29 орта мектеп |

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Бала Абай | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Досполова Гульмира Амангельдиновна | |
| **Күні:** | **25.11.2024** | |
| **Сынып: 4 «Б» сынып.** | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Ербол мен Абайдың достығы | |
| **Сабақтың мақсаты** | Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығындағы достықтың рөлін түсіндіру; | |
| **Құндылықтар және оның мақсаты:** | Құндылықтар арқылы достықтың маңыздылығын ұғындыру. | |
| **Сабақтың барысы** | | |

| Сабақтың кезеңі/ | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **1 Қызығушылығын ояту.**<br>2 минут<br><br>2 Поэзия минуты<br>3 минут<br><br>3 Топтастыру<br>2 минут<br><br>Мағынаны тану<br>10 минут | **I**<br>Армысың досым, кел маған қосыл.<br>Алақанға салып алақан, шеңберге бірге тұрайық,<br>Жер шарындай айналып, әлемге жарық ұқсайық.<br>Қолымызды көтеріп, күннің нұрын алайық,<br>Ортамызда күн нұры, құшаққа оны алайық!<br><br>Абайдың өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқиды.<br><br>**1- топ «Достық»**<br>**2-топ «Адалдық»**<br>**3-топ «Сенім»**<br><br>Абай мен Ерболдың достығы – қазақ әдебиетіндегі үлкен маңызы бар тақырып. Абай Құнанбайұлы, қазақ халқының ұлы ақыны, философы және ағартушысы, достық пен адамның адамгершілік қасиеттері туралы көп жазған. Ербол – Абайдың жақсы досы, оның шығармашылығында, өмірінде және ойларында маңызды рөл атқарды.<br>Абай мен Ерболдың достығы – өзара түсіністік, қолдау, және рухани байланыс символы. Олар бір-біріне ақпарат, идеялар алмасып, | Шеңбер құрып, бір-бірлеріне тілек айтады.<br><br>.<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>«Достық» «Адалдық «Сенім» сөздерін қиындылардан құрастыру. | Дескриптор: Керемет!<br><br>Дескриптор:<br><br>Тамаша!<br><br>Мәтіннің мазмұнын айта алды<br><br>ҚБ:<br>Тамаша!<br><br>Дескриптор: | **М.Әуезовтың, Абайдың суреттері**<br><br>Интербелсенді |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ойқозғау<br>5 минут<br><br>Театрлық қойылым<br>10 минут | қиын сәттерде қолдау көрсеткен.<br>Абайдың поэзиясында достық, адамгершілік, және мейірімділік тақырыптарының маңызы зор. Ербол мен Абайдың шығармашылығын бағалаған және оны қолдайтын досы ретінде танылады.<br><br>**Сабақтың тақырыбын ашу мақсатында, қысқаша көрініс**.<br>"Абай мен Ерболдың сөйлескен диалогы:<br>Абай: Ербол, сенің ойыңша, достықтың мәні неде?<br>Ербол: Абай, меніңше, достық – бұл сенім мен түсіністік. Досың сені әрқашан қолдайды, қиын сәттерде жаныңда болады.<br>Абай: Дұрыс айтасың. Достықта шындық пен адалдық маңызды. Біз бір-бірімізге шындықты айтуымыз керек.<br>Ербол: Иә, шындықты айту кейде қиын, бірақ достарымыз үшін бұл өте маңызды.<br>Абай: Ал, сеніңше, достықты қалай нығайтуға болады?<br>Ербол: Бір-бірімізбен жиі кездесіп, уақыт өткізу арқылы. Сондай-ақ, бір-біріміздің қызығушылықтарымызды бөлісуіміз керек.<br>Абай: Келісемін. Достық – бұл екі жақты процесс. Біз бір-бірімізге қамқорлық көрсетуіміз керек.<br>Ербол: Достықтың ең бастысы – бір-бірімізді түсіну. Сен мені әрқашан түсінесің, Абай.<br>Абай: Мен де сені түсінемін, Ербол. Достығымыз мәңгілік болсын!<br>Ербол: Иә, мәңгілік! | Екі оқушы ер бала Абай Ерболдың достық туралы диалогын сомдай.<br><br>Акт мен жұмыс орындайды.<br><br>wordwall.net әдісі бойынша топтық жұмыс. Сілтеме арқылы кіріп мақалдарды дұрыс орналастырып, ұпай алады. | Керемет<br><br>Сахналап көрсетеді | https://wordwall.net/ru/resource/69360402/%d0%b4%d0%be%d1%<br><br>Интербелсенді тақта<br><br>АКТ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ой толғаныс<br>5минут<br>«Конверттегі сұрақ» әдісі<br><br>Кері байланыс<br>5 минут | wordwall.net сілтемесі арқылы кіріп, мақал- мәтелдерді дұрыс орналастыру керек.<br><br>**IV.Сабақты қорытындылау.**<br>Ал, оқушылар, сабағымызды қорыта келе, тамаша ойларыңмен бөлісе келе осы сабақтан қандай жақсы қасиеттерді игердіңдер? Достық туралы тамаша мақал-мәтелдер біледі екенсіңдер. Енді сабағымызды қорыта, шеңберге тұрып, жүрекшелерге жазылған тілектерді бір-бірімізге сыйлайық.<br>**Тамаша, балалар, Адалдық, сенім мықты достықтың іргетасы екен.**<br>Әрқашанда осы тамаша қасиетті бойымызда сақтайық! | Кері байланыс жасайды Жүрекшелер арқылы бір біріне тілек айтады | | Жүрекшелер |
| | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | 31 мектеп - гимназиясы | |
| **Пәні:** | Бала Абай (вариатив сабақ) | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Омарова Нургуль Токтаровна | |
| **Күні:** | 22.11.24 ж. | |
| **Сынып: 4** | Қатысқаны: 32 | |
| **Тақырыбы** | «Достық туралы мақал-мәтелдер». | Қатыспағаны - |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | Қазақтың ауыз әдебиетіндегі аңыз-ертегілер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал- мәтелдер туралы әдістемелік құралдар пайдаланылады. | |
| **Сабақтың мақсаты** | 1. Оқушыларға достықтың маңыздылығын, достық туралы мақал-мәтелдерді үйрету.<br>2. Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығында достықтың рөлін түсіндіру.<br>3. Оқушылардың мақал-мәтелдерді айту және талдау қабілеттерін дамыту. | |
| **Құндылық** | Ұлттық құндылықтар арқылы достықтың маңыздылығын ұғындыру. | |
| | Сабақтың барысы | |

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Педагогтің әрекеті | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>2 минут<br><br>1 минут | **І. Психологиялық ахуал**<br>**Сәлемдесу.**<br>**Психологиялық дайындық**<br>Армысың досым, кел маған қосыл.<br>Алақанға салып алақан, шеңберге бірге тұрайық,<br>Жер шарындай айналып, әлемге жарық ұқсайық.<br>Қолымызды көтеріп, күннің нұрын алайық,<br>Ортамызда күн нұры, құшаққа оны алайық!<br>**Сабақтың тақырыбын ашу мақсатында, қысқаша көрініс.** | Оқушының әрекеті<br><br>1.Мұғаліммен сәлемдеседі.<br>2.Өлең шумағын мәнерлеп айтады<br><br>Екі ұл бала ерегесіп қалады. Үшінші ұл бала оларды достыққа шақырып, достастырады. | Бағалау | Ресурстар |
| 3 минут | **Үй тапсырмасын сұрау**<br>**Қайталау**<br><br>**Өткен сабақты пысықтау**<br>1. Абай атамыз Семей қаласындағы қандай медреседе оқыды?<br>2. Ахмет Риза медресесінде оқыту қай тілде жүргізілді?<br>3. Ахмет-Риза медресесінен Абай атамыз не үйренді? | Ауызша қойылған сұрақтарға жауап береді. | Жарайсыңдар! | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>3минут<br>**Білу.**<br><br>3 минут<br><br>Түсіну<br>10 минут<br><br>7 минут | **Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын.**<br>**III. Жаңа тақырып.**<br>Білу және түсіну, талдау.<br>Тақтаға қарап, ребустың шешімін тапсақ, бүгінгі сабағымыздың тақырыбын білетін боламыз.<br><br>Ребустан: «Достық» деген сөз шығады.<br>Олай болса бүгінгі тақырыбымыз: **«Достық туралы мақал-мәтелдер»**<br>Бүгінгі күннің тақырыбына байланысты әр қатарға ат қойылады. Нағыз достықты қандай бір ғана сөзбен ата.<br>«Достық» «Адалдық» «Сенім» деген ат қоямыз.<br>**Қазір видеоролик көріп, өз пікірімізбен бөлісіп, әр топ түсінгенін плакатқа жазады.**<br>**Тапсырма:** Видеороликтен не түсіндік, соны плакатқа жазу. Не болмаса, қысқаша схема, сурет арқылы түсіндіру.<br><br>**Балалар, араларында Абай жолы поэмасын бастап оқып жатқан балалар бар. Абай бабамыздың осы достық туралы қандай ой пікірі болды екен?** Білетін балалар, тақтаға шығып айтып берсеңдер.<br><br>«Адамзаттың барлығын бауырым деп сүй» деген Абай атамыз өзінің гуманистік, даналық тағылымы арқылы әлемдік деңгейдегі ойшылдар қатарынан табыла отырып, адам бойындағы кереғарлықтарды жою мақсатында ұлағатты терең ойларын қалдырып кетті.<br><br>Абай бабамыз шығармашылығындағы көтерілген аса маңызды тақырыптың бірі – достық. Адам болып жаратылған соң пенде бойындағы ерекшеліктердің ізгісі де достыққа қатысты болмаққа керек. | Тақтада тұрған ребусты шешеді.<br><br>Нағыз достықты қандай бір ғана сөзбен атап, сол сөзбен әр қатарды атайды.<br><br>Балалар видеороликті көріп, өз пікірлерін плакатқа жазады.<br><br>Абай атамыздың достық туралы сөздерін балалар тақтаға шығып айтады. | Ауызша мадақтау<br>Жарайсыңдар!<br>Өте жақсы!<br>Дұрыс!<br><br>Тамаша!<br><br>Өте жақсы!<br><br>Керемет балалар! | Ребус плакат<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=gH3zqZPR4EQ&t=1s |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 минут<br><br>7 минут | Тіршілікке қадам басқан әр адам баласының өзін қоршаған ортасы, замандасымен байланысының негізгі құндылығы адал достықта көрініс табады.<br>Жүрегі жұмсақ білген құл,<br>Шын дос таппай тыншымас.<br>Пайда, мақтан – бәрі тұл деп жырлаған екен.<br>Абайдың бабамыздың түсінігінше, ең қызық өмір - татулық, достық. Күн сайын жаулықтың отына май тамызып тұтатушы қоғамның жуан ортасында отырса да, Абай атамыз өле-өлгенше достықты жырлаумен болды.<br>«*Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің – бәрі бірдей, ақыретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, көрден махшарда сұралуың – бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қаупің, екі дүниенің жақсылығына рахатың – бәрі бірдей екен»,* – дейді отыз төртінші қара сөзінде.<br>**Тапсырма.** Сандықшада мақал-мәтелдің бастапқы бөлігі жазылған, ары қарай әр топтан 3 бала шығып, осы мақал-мәтелдерді жаллғастырады, мағынасын түсіндіреді.<br><br>**Тапсырма.** Ал, балалар, бүгін достық туралы біраз ақпарат алдық. Енді қортындылай келе, достық туралы өз ойларыңды 2-3 сөйлеммен қортындылап қағаз бетіне түсірсеңдер. | Әр топтан 3 бала шығып, мақалды жалғастырады, мағынасын түсіндіреді.<br><br>Оқушылар достық туралы өз ойларын дәптерге жазады. Жазғандарын дауыстап оқиды. | Тамаша! Мақал-мәтелді өте жақсы біледі екенсіңдер!<br><br>Тамаша ойларыңмен бөліскендерің е рақмет! | Дәптер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>5 минут | **IV.Сабақты қорытындылау.**<br>Ал, оқушылар, сабағымызды қорыта келе, тамаша ойларыңмен бөлісе келе осы сабақтан қандай жақсы қасиеттерді игердіңдер?<br><br>Достық туралы тамаша мақал-мәтелдер біледі екенсіңдер. Енді сабағымызды қорыта, шеңберге тұрайық, қолымызға ұзын лентаны жақсы достық болу үшін әр топ өз сөздерін қатты айтады.<br>**Тамаша, балалар, Адалдық, сенім мықты достықтың іргетасы екен.**<br>Әрқашанда осы тамаша қасиетті бойымызда сақтайық! | Балалар жақсы қасиеттерді атап шығады.<br><br>Лентаны көтеріп әр топ өз ұрандарын айтады. | Жарайсыңдар балалар!<br><br>Бүгінгі сабаққа тамаша қатысып отырдыңдар! | <br><br>Лента |

| | | |
|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының атауы** | №31 мектеп-гимназиясы | |
| **Пәні:** | Бала Абай | |
| **Бөлім:** | Жақсы құрбы-құрдас | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ізбасар Ақниет Әбжаппарқызы | |
| **Күні:** | 27.11.2024 | |
| **Сынып: 4 «А»** | Қатысушылар саны | Қатыспағандар саны |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Достық туралы мақал-мәтелдер | |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:** | Қазақтың ауыз әдебиетіндегі аңыз-ертегілер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал- мәтелдер туралы әдістемелік құралдар пайдаланылады. | |
| **Сабақтың мақсаты** | 1. Оқушыларға достықтың маңыздылығын, достық туралы мақал-мәтелдерді үйрету.<br>2. Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығында достықтың рөлін түсіндіру.<br>3. Оқушылардың мақал-мәтелдерді айту және талдау қабілеттерін дамыту. | |
| **Құндылық** | Ұлттық құндылықтар арқылы достықтың маңыздылығын ұғындыру. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>2 минут | **І. Ұйымдастыру**<br>Сәлемдесу.<br>Психологиялық дайындық<br>Ән саламыз күнде біз,<br>Шаттық толы іргеміз.<br>Біз мәңгіге достармыз.<br>Біз мәңгіге біргеміз | 1.Мұғаліммен сәлемдеседі.<br>2.Өлең шумағын мәнерлеп айтады. | Жарайсыңдар! | Хор |
| Сабақтың ортасы<br>1минут<br><br>**Білу.**<br>2 минут<br><br>Түсіну<br>5 минут<br><br>10 минут | **Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын.**<br>**Жаңа тақырып.**<br>**“ЖИ” әдісі**<br>**Абай Құнанбаевтың достық туралы мақал-мәтелдеріне шолу.**<br><br>**1- тапсырма** .Топтық жұмыс.<br>“Мозайка”әдісі<br>Әр топқа бір бір сурет беріледі,суретті құрастырып,артындағы мақалды табу керек.<br>1. « Қалың елім қазағым »<br>2. « Абайдың қара сөздері »<br>3.. « Ескендір »<br><br>**2-тапсырма** | Балалар Абай Құнанбаевтың достық туралы мақал-мәтелдеріне шолу жасайды.<br><br>Мадақтау.<br>Жарайсыңдар!<br><br>Оқушылар достық | ҚБ:<br>«Басбармақ» әдісі<br><br>ҚБ:<br>«Басбармақ» әдісі<br><br>ҚБ: | Бейнематериал<br><br>Абай Құнанбаевтың кітаптарының суреті |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | “Абай шығармаларына саяхат”<br>Қажымас дос халықта жоқ,<br>Айнымас серт қайда бар?<br>Алда көрген артта жоқ,<br>Мысқыл, өсек, айла бар.<br><br>Жақсылығың күнде ұмыт,<br>Бір жаңылсаң, болды кек.<br>Пайдасынан бой суыт,<br>Өзі тимей жүрсе тек.<br><br>Пайда, мақтан өзінен,<br>Артыла ма ант ұрып?<br>Жарыса өсек сөзінен,<br>Айта берсін шарқ ұрып.<br><br>Кімге достық көп еттім,<br>Түбі болды бір кейіс.<br>Жақсы өмірім әуре[1] еттің,<br>Жар таба алмай бір тегіс. | туралы өлең жолдарын оқиды | «Басбармақ» әдісі | Оқулық |
| 2 минут | **3-тапсырма**<br>**“**Бала Абайдың көзімен өткенге сапар шегу”<br>Бала Абайдың балалық шағы, алғашқы үйренген тілдері мен хат танып бастаған кезеңдеріне шолу жасалып, Абайдың өткен өмірімен танысу. | Абайдың балалық шағымен танысады | ҚБ: «Басбармақ» әдісі | https://youtu.be/VL79eW8Wo_w |
| **Сабақты қорытындылау**<br>5 минут | **4-тапсырма**<br>**“Серпілген сауал” әдісі**<br>1.Абайдың туылған жылы қашан?<br>2.Абайдың шын есімі кім?<br>3. Абай Құнанбаев кім?<br>4. Абай жастайынан қандай болды?<br>5.Абайдың әкесі? | Балалар сұрақтарға жауап береді. | Жарайсыңдар! | « Word woll» әдісі |
| 5 минут | 6.Абайдың әжесі?<br><br>**Рефлексия**<br>«Бас бармақ әдісі» әдісі<br>Балалар бүгінгі сабақтан түсінгені мен қиынға соққан тапсырмалары туралы айтып, өз ойларымен бөліседі. | Балалар кері байланыс жасайды | ҚБ: «Бас бармақ әдісі» әдісі | |
| **Сабақтың соңы**<br>3 минут | **Үй тапсырмасы**<br>Абайдың достық туралы мақал-мәтелдерін жаттау | Абайдың мақал-мәтелдерін жаттау | | Интернет желісі |

| | | |
|---|---|---|
| Бала Абай | № 32  МГ-сы | |
| Күні: 27.11.24 ж. | К.М. Тлеукабылова | |
| Сынып: 4 « Ә  » | Оқушылар  саны: 28 | Қатыспағандар саны: 2 |
| Сабақ тақырыбы: | Антқа беріктік | |
| Сабақтың мақсаты: | Оқушыларға Абай шығармасы арқылы ант сөзінің мәнін түсінеді; антқа берік болу керектігін және  ісіне адал, жауапкершілікпен қарауды үйренеді. | |

Сабақ барысы:

| Сабақ кезеңі/ уақыты | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| 1.Сабақ басталуы<br>0-5 мин | **I. Ұйымдастыру бөлімі**<br>Сәттілік біздер тілейік,<br>Мен саған, сен маған<br>Күндей күліп жүрейік,<br>Күннің нұрын төгейік,<br>Мен саған, сен маған<br>**II.Ой қозғау.**<br>Берілген суреттерге  ортақ тақырып қандай болады?<br>  <br>Ант сөзін қалай түсінесіңдер?<br>Ант – жеке тұлғаның ең қастерлі нәрсемен өзге адамды не адамдар қауымын өзінің адал ниетіне салтанатты түрде сендіруі, уәде беруі, куәлік етуі. Қазақ дәстүрінде нан, Құранды ұстап адалдығына ант беру рәсімі ежелден қалыптасқан. Антұрған-1. Құдай атқан, оңбаған, айтқанында тұрмайтын, тұрлаусыз. 2. Құдай атқан, оңбаған адам деген мағынада.<br>**Сабақ  тақырыбы мен мақсатын анықтайды.**<br>Тапсырмалар орындау арқылы пазл құрастырамыз.<br>«Менің атым Қожа» фильмі арқылы Сұлтан мен Қожаның ант беруі үзіндісін көрсету.<br>-Сұлтан антына берік болды ма?<br>-Қожа антына берік болды ма?<br>Сұлтанның антына берік болмауы неде?<br>Абай атамыз осы жамандықтың барлығы жайында өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде жазған болатын. | бір-біріне тілек айтады<br><br>Сұрақтарға жауап береді<br><br>-оқушылардың ант сөзінің мәнін қалай түсінетінін ой бөліседі<br><br>Сұрақтарға жауап береді - | Мадақтау сөздер<br><br>ҚБ: жарайсың!<br><br>Пазл бөліктері арқылы бағалау | суреттер<br><br>слайд<br><br>«Менің атым Қожа» фильмі арқылы Сұлтан мен Қожаның ант беруі үзіндісін бейнежазба (58:08) |
| 2. Ортасы<br>5 – 35 мин | Мағынаны тану.<br>- Бүгін Абайдың 42 - шы қара сөзін оқып талдаймыз.<br>-Мәтінді бөліктерге бөліп, топтарға беру.<br>Бөліктері бойынша сұрақтар қою арқылы 42-шы қара сөзінің мағынасын ашу. | түсініксіз сөздердің мағынасын түсініп алады<br><br>-мәтін | Жарайсың!<br><br>Мадақтау | Слайд<br><br>қима |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Абайдың айтуынша, адамның жұмысының жоқтығы неге әкелуі мүмкін?<br>-Неліктен олай деп ойлайсыңдар? т.б.<br>Бұл антұрған сөзі арқылы Абай ондай адамдарды ұнатпайтынын, жақтырмайтынын, ондай адамның өте жағымсыз екенін жеткізіп тұр.<br>Топтық жұмыс.<br>1 топ: Топтастыру. «Адам баласының жаманшылыққа үйір болудың себептерін жазыңдар».<br>2 топ: «Антына берік адам» мақала жазу.<br>3 топ: «Антұрған» сөзіне 5 жолды өлең құрастыру.<br>4 топ: «Кейіпкерге хат жаз». Қара сөзде кездесетін «Байға хат жазу» немесе «Жұмыссыз адамға хат жазу».<br>Топтар тапсырма бойынша жұмыстарын қорғайды. | бөліктерін топтар<br><br><br><br>Тапсырмалар ды орындайды<br>**Дескриптор:**<br>-Адам баласының жаманшылыққа үйір болудың себептерін жазады;<br>- мақала жазады<br>- 5 жолды өлең құрастырады;<br>- Кейіпкерге хат жазады. | Жарайсың!<br><br>Мадақтау<br>Жарайсың!<br><br>Пазл бөліктері арқылы бағалау<br>«От шашу» арқылы топтарды бағалау | қағаздар мәтін бөліктері жазылған<br><br><br>слайд |
